



Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Құрбан айт мерекесімен құттықтауы

Құрметті отандастар!
Баршанызды қасиетті Құрбан айт мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Құрбан айт – адамдарды бейбітшілік пен бірлікке, мейірімділік пен ізгілікке үндейтін жарқын мереке.

Қазақстандықтар үшін бұл мейрамның маңызы ерекше. Ол

адамгершілік және рухани құндылықтарды насихаттап, түрлі ұлт пен дін өкілдері арасындағы ауызбірлік пен сыйластықты арттыруға септігін тигізеді.

Айт күндері әрбір адам игі істер жасап, рухани тазаруға, құрбан шалып, көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын созуға тырысады.

Қазіргі таңда Құрбан айт мейрамы жақсылықтың жаршысына айналып, елімізде татулық пен келісімді нығайтуға ұйытқы болып отыр. Алдағы уақытта да солай боларына кәміл сенемін.

Осынау кастерлі мерекеде әрбір шаңыраққа шаттық, тыныштық пен бақ-береке тілеймін!
Айт қабыл болсын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Құрбан айт мерекесімен құттықтауы

Ардақты ағайын!
Сіздерді күллі мұсылман қауымы үшін кастерлі Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – қайырымдылық пен жанашырлық, ізгілік пен имандылық сияқты асыл қасиеттерді дәріптейтін ұлық мейрам.

Салт-дәстүрімізбен берік ұш-тасқан ата дініміз – елдің рухани тұтастығын сақтауға ықпал

ететін басты құндылықтың бірі.

Құрбан айт қашанда барша жұртты береке-бірлікке үндейді. Ел азаматтарын бауырмал болуға шақырып, бүкіл халқымыздың ырыс-ынтымағын арттырады.

Мұсылман баласы бұл күндері отбасы аمانдығы мен ел тыныштығы үшін құрбандық шалып, жөк-жіткке көмектеседі, мұқтаж жандарға қамқорлық танытады. Осындай ізгі ниет пен сауапты іс

ел-жұрттың бір-бірімен етене араласуына, өзара сыйластық пен жақсылыққа жол ашады.

Құрбан айттың ұлағаты мен өнегесі біздің рухани құндылықтарымызбен үндеседі. Бүгінгі мерекенің мән-маңызы осында деп білемін.

Шалған құрбандықтарыңыз, дұға-тілектеріңіз қабыл болсын!

Айттан айтқа аман-есен жете берейік!

Құрбан айт құтты болсын!



Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Құрметті жамағат, қадірлі отандастар!
Баршанызды ұлық мейрам – Құрбан айттың келуімен шын жүректен құттықтаймын! Айт қабыл болсын! Сіздерге амандық пен саулық, бірлік мен береке тілеймін.

Бағыз заманнан бері ислам дінін ұстанып келе жатқан халқымыз Құрбан айтты ерекше дайындықпен қарсы алады. Ұлық мейрамда үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, көңілі жабырқаған жанға қуаныш сыйлау, мұқтаж адамға құрбандық етін таратып, сауап алу сынды ізгі амалдар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

«Құрбан» сөзі «жақын болу», «жақындау» деген ұғымды білдіреді. Бұл – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті паш ететін мейрам. Ұлық

мерекенің тәрбиелік мәні мен мағынасы осында жатыр. Қасиетті Құранда: «Ұмытпаңдар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректеріңізге ұялаған тақуалықтарын (шынайы ниеттеріңіз)» («Хаж» сүресі, 37-аят), – делінген. Аятта айтылғандай, Құдай жолында жақсылық жасауға ниеттенген пенде бұл амалды риясыз оймен орындайды.

Қаржылай мүмкіндігі бар рі жолаушы емес мұсылманға құрбандық шалу – у жіп, мұсылмандық міндет. Ал шамасы келмеген адамға Алла Тағала мұндай міндет жүктемеген. Айт күндері аз да болса садақа беріп, қараусыз қалған қарттарға, жетімдер мен көпбалалы отбасыларға көңіл бөлу – сауапты іс.

Адам баласы құрбандық шалу арқылы Алланың берген ризық-несібісіне шүкір етеді. Көмекке мұқтаж жанға қол ұшын беріп, айналасына шуағын түсіріп, шапағатын тигізеді. Мұсылман қауымын мейірімділік пен бірлікке үндейтін мерекеде барынша жақсылық жасауға тырысайық. Әнсересе, әлемді шарпыған жұқпалы дерттен науқастанып, шипа тілеген жандарға көмектесіп, оларға дұға етіп қойғанымыз абзал.

Алла Тағала еліміз бен жерімізді, барша адамзат баласын түрлі сынақтардан аман етіп, жақсылығы мен берекесін нәсіп етпей. Шалған құрбандықтарыңыз, берген садақаларыңыз, айт күндері амалға асырған Аллаға ұнамды әрбір игі істеріңіз қабыл болғай.

Айттан айтқа аман-есен жете берейік. Әмин!

**Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы,
Бас мүфти**

ДАБЫЛ: «Талибан» Орталық Азия шекарасына жақындады

АҚШ әскері Ауғанстан жерін әлі тастап шықпаса да, «Талибан» қозғалысының (Қазақстанда тыйым салынған) жөндеттері ашық шабуылға көшіп кетті. Бүгінде ауған территориясының тең жартысынан көбі солардың бақылауында. Егер бұл процесс жалғаса берсе, 1990 жылдардағы жағдай қайта оралуы бек мүмкін. Дегенмен аталған арпалыс ауған жерімен шектелмейтіндей. «Талибан» қазіргі өзінде ауған армиясы сарбаздарын Тәжікстанға, Өзбекстанға ысырып тастады. Яғни, соғыс өрті Орталық Азияның оңтүстік шекарасына жақындады. Ертең не болмақ?



Ауғанстан Орталық Азияда Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстанмен шекараласады. Бұл елдермен ауғаннан Герат, Бағдис, Фарьяб, Джаузджан, Балх, Кундуз, Тахар және Бадахшан аймақтары іргелес жатыр. Бадахшан секілді провинциялар қозғалыстың қол астына өтіп кеткен. Ауған армиясының сарбаздары көптеген қала, өңірлерді қарсыластарына беріп қойып жатыр. Аймақтардан тек айы-

рылып қана қоймай, шегініп, тәжік, өзбек жеріне бас сауғалап кетті. Тәжікстан маусым айынан бері ауған армиясының мыңға жуық сарбазы шекараны кесіп өткенін хабарлады. Өзбекстанға да амалсыз қашып кеткендер бар екен. Тәжікстан ол жауынгерлерді ұшақпен Кабулда қайтармақ, ал Өзбекстан ауған жеріне қайта депортациялауға ұқсайды.

(Жалғасы 6-бетте)

Сауықшыл жұрттың қарасы көп

Той десе, ішкен асын жерге қоятындарға карантин талаптарын орындау қиына соғып тұр. Бір тәуліктің өзінде 6 мыңға жуық адам коронавирус індетін жұқтырып, өмір мен өлім арасында күресіп жатса да, жиын-той азаймай тұр. Нұр-Сұлтандағы мониторинг тобының мүшелері жарты тәуліктің өзінде қаладағы бірнеше мейрамханадағы тойға жиналғандарды тарқатқан.

Ойын-сауыққа шектеу қойғанымен, бір есікті жаптырса, екінші есікті іштен құлыптап дүркіретіп думанды той жасап жатқандардың санында шек жоқ. Аптаның жеті күні желкідеп жиын-тойға жиналып жатқандардың өздері ауыр дерттен ет жақындарынан айырылып жатқанымен, сақтық шараларына құлақ аспайтындарына қайран қаласын.

Нұр-Сұлтан қалалық Бас мемлекеттік санитар дәрігерінің қаулысы бойынша, қала тұрғындары мен қонақтары карантин талаптарын қатаң орындауға міндеттелінген.

(Жалғасы 5-бетте)



Эпидемиологиялық жағдай қатаң бақыланады

Мемлекет басшысы еліміздегі эпидемиологиялық ахуал жөнінде кеңес өткізді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде соңғы кезде індет жұқтырған адамдардың саны күрт артып кеткенін атап өтті. Құн сайын 5 мыңнан астам науқас тіркеліп жатыр. Бір апта бұрын Үкімет ахуалды бақылауда ұстап отырмыз деп мәлімдеген болатын. Бірақ эпидемиологиялық жағдай нашарлап кетті.

— Ең бастысы – аса ауыр науқастардың көбеюін болдырмау, адам өмірін сақтау. Сондықтан оның бір ғана жолы бар. Бұл – жаппай вакцинация, екпе салу. Қалыптасқан ахуалдың өте күрделі екенін ашық айту керек. Пандемия өңір басшылары үшін нағыз сынақ болды. Бұл сынақты кем дегенде әкімдердің жартысы, ең жақсы дегенде, «үшке» тапсырады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы вакциналау деңгейі төмен өңірлерге методикалық көмек көрсету үшін шұғыл түрде көшпелі бригада жасақтауды тапсырды. Оның пікірінше, екпе салдырғысы келмейтін адамдармен жұмыс барысында саралау әдісін қолданған жөн.

— Бұл топ біркелкі емес. Екпе салдырудан бас тарту себептері

әртүрлі. Мұндай адамдардың ішінде ойланып жүргендері көп. Барлық әдіс-тәсілді пайдалану, соның ішінде, әлеуметтік желілер арқылы олардың көзін жеткізу керек. Бағыстың кейбір дамыған елдері көз жеткізу әдісінен мәжбүрлеу шараларына көшіп жатыр. Ірі еңбек ұжымдарының қызметіне байланысты ерекше жағдайлар болмаса, біз ондай қадамға бармаймыз. Сондықтан өз дегенінен қайтпайтын аз ғана антивакциналдар деп мәлімдеген болатын. Бірақ эпидемиологиялық жағдай нашарлап кетті.

Денсаулық сақтау министрлігіне Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен бірлесіп, тәуелсіз әлеуметтік сауалнама жүргізуге тапсырма берілді.

— Иммуитет қалыптастыру үдерісін тежеп отырған тағы бір өзекті мәселе – вакцинацияның жалған паспорттары. Мұндай теріс құбылыстардың алдын алып, олардың таралуына жол бермеу маңызды. 16 шілдедегі мәлімет бойынша 65 қылмыстық іс қозғалды. Яғни, жұмыс басталды. Енді оны белсенді жалғастыру керек. Бұл – өте ауыр қылмыс. Бұл – ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіретін іс-әрекет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кеңес барысында вакцина өндірісі саласындағы көшбасшы

елдерден өкелінетін екіпелердің түрлерін кеңейту мәселесі де қарастырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев ресейлік жана «Спутник лайт» вакцинасын жеткізу және оны отандық фармацевтикалық алаңдарда шығару мәселесін пысықтауды тапсырды.

— Отандық QazVac вакцинасын қыркүйек айында шығару жоспарланып отырғанын ескере отырып, оның ДДСҰ-да тіркелуін тездету қажет. Бұл – Денсаулық сақтау министрлігі мен Сыртқы істер министрлігінің жұмысы. QazVac вакцинасын екіжақты уағдаластықтар аясында үшінші елдердің нарығына шығару жұмыстарын ұйымдастыру маңызды. Үкіметке аталған мәселені ерекше бақылауға алуды және бір ай ішіндегі атқарылған жұмыстардың нәтижесін баяндауды тапсырамын, – деді Президент.

Бүкіл мұсылман қауымы үшін қасиетті Құрбан айт мерекесі басталды. Осыған орай Қасым-Жомарт Тоқаев елде күрделі ахуал қалыптасып отырғанын атап өтіп, жұрттың құрбандық шалатын жерлерде жаппай жиналуын болдырмау керек екенін айтты.

— Жағдайды одан бетер ушықтырып алуымыз мүмкін. Үкімет пен әкімдер осы мәселені ерекше бақылауда ұстауы тиіс. Құрбан айтта инфекциялық қауіпсіздікті барынша қамтамасыз ету қажет, – деді Президент.

Аралас мектептер азайған жоқ

Тәуелсіз Қазақстанда мемлекеттік тілдің өлі де болса тұғырына қона алмай тұрғанына себепші болатын бірқатар фактор бар. Солардың бірі – аралас мектептер. Әрине, бұл ең алдымен қазақ отбасыларының санасына «орыс сыныптарында білім сапалы» деген ескі түсініктің берік орнығуының салдары болар.

ОТАРЛЫҚТАН КЕЙІН ДЕ ОНАЛМАЙ ОТЫРМЫЗ

1937-1938 жылдары елімізде 478 аралас мектеп болғанын ескерген белгілі ғалым Нұрметас Мырзахметұлы: «Аралас мектеп – отарлық саясаттың классикалық түрі» деген тоқтамға келген. Ал журналист-жазушы Қайым-Мұнар Табеєвтің естелігіне сүйенсек, өткен ғасырдың 60-80-жылдары елде 700-ден астам қазақ мектебі жабылып, Алматыда қазактілі 3-ақ білім ошағы қалыпты. Бірақ көршілес өзбек, түркімен, тәжік мектептеріне ондай нәубет төнбеген.

Кейін тәуелсіздік тұғырына ту тігіп, етек-жеңімізді жиганнан кейін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қазақ тілін «үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы» деп атап көрсетті. 2012 жылғы Жолдауында да: «2020 жылға қарай мемлекеттік тілді мектептердің қатары 95 пайызға дейін жететін болады» деген еді. Қазір сол белгі-

ленген уақыттан кейін бір жыл өтті. Мектеп ауласында ойнап жүрген қазақ балалар мен оларды алып кетуге келген ата-аналардың Ресейдің мемлекеттік тілінде шүйір-келесуінен көзделген межеге жетудің ауылы алыс екені аңғарылады. Сондықтан қоғам қайраткері Оразқұл Асанғазықызы орыс сыныбында оқитын балалардың қазақ тілін білмейтінін айтып, қазіргі білім саласы басшыларына аралас мектептердегі идеологияның да бөлек екенін ескертті.

Енді ресми статистикаға жүгініп көрсек, елімізде 3,5 миллионнан астам оқушы бар екен. Оның 2 миллион 650 мыңнан астамы – қазақ, 403 мыңдайы – орыс, 141 мыңдайы – өзбек, 55,6 мыңы – ұйғыр, 31,4 мыңы – украин, 29 мыңы – неміс, 25,3 мыңы – әзербайжан. Осы ұлттық құрам бойынша қазақ оқушылардың саны басым бола тұра, 1,5 миллионға жуық бала 2 047 аралас тілді мектепте білім алып жатыр. БҒМ Ұлттық білім беру деректері қорының биылғы мәліметінше, аралас мектептері басым өңірлердің көшіні Алматы облысы бастап тұр. Ондағы 306 аралас мектепте 256 020 оқушы бар.

(Жалғасы 5-бетте)



Цойдың болжамы «оптимистік» болмай тұр



Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой коронавируста қатысты эпидемиологиялық жағдайдың Қазақстандағы үш сценарийі туралы айтты.

Министр коронавируста мониторинг жүргізіліп жатқанын және ғалымдардың бүкіл жұмыс тобы болжау бойынша жұмыс істеп жатқанын айтты. Бұл – кейінгі екі аптадағы динамикадағы нақты есептеу.

«Әрине, біз екі апта сайын болжам жасаймыз, болжамдарымызды қайта қарастырамыз. Қазір бізде оптимистік сценариймен күніне шамамен 6000-6100 жағдай болуы мүмкін деп болжап отырмыз, бұл тамыз айында шарықтау шегі, нақты сценариймен алып қарағанда тәулігіне 9 мыңға дейін және пессимистік сценариймен 11 мыңға дейін. Яғни, біз осындай болжамдарды келтіреміз, біздің төсек-орын қорының мүмкіндігі қандай болатынын қараймыз және бұл жерде тиісті шаралар қабылданады», – деді министр.

Бағлан БЕКНАЗАР

Іле Алатауында жоғалған турист табылды



Іле Алатауы тауларында 27 жастағы жігіт жоғалып кетті. Ер адам Мәншүк Мәметова шыңына жалғыз аттанған. Бұл туралы Төтенше жағдайлар министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

18 шілдеде Республикалық жедел-құтқару жасағына Алматының Төтенше жағдайлар департаментінен ер адамның тауда жоғалғаны туралы хабар түсті.

«Мәншүк Мәметова көлінде түнген 27 жастағы жігіт таңертен

шыңға көтерілетінін айтқан. Кешке жақын турист досына хабарласып, шыңды бағындырғанын, бірақ оған көмек қажет екенін, өздігінен түсе алмайтынын ескерткен. Осыдан кейін адаммен байланыс үзілді» делінген хабарламада.

Белгілі болғандай, турист «Қазселденқорғау» жұмысшыларына сөмкесін қалдырып, 18 шілдеде түске қарай қайтатынын айтқан. Алайда жас жігіт сол күйі орампағаны хабарланған еді.

19 шілде таңертен РЖКЖ-ның екінші жедел тобы шықты. Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметінше, құтқарушылар жоғалып кеткен ер адаммен М.Мәметова шыңының мұздығынан тапты.

«Бүгін мұздықты тексеру кезінде РЖКЖ қызметкерлерінің жаяу тобы ер адамды тапты. Ол қатты тоңып қалған, құтқарушылар оған жылы киім берді. Медициналық көмекке мұқтаж болған жоқ. Бүгінде РЖКЖ жедел тобы таудан туристпен бірге түсіп келе жатыр» делінген хабарламада.

Министрлік тауға шыққанда барлық қауіпсіздік шараларын сақтауды ескертті.

М.БАҚЫТЖАН

Жеңіске жеткен Рухия

Витебскіде өткен XXX «Славян базары» халықаралық өнер фестивалінде Қазақстанның атынан шыққан әнші Рухия Байдүкенова бас жүлдені жеңіп алды. Рухия Байдүкенова кім, халықаралық байқауда несімен ерекшеленді? Жас әнші туралы негізгі сұрақтарға жауап іздедік.

Рухия Байдүкенова 22 жаста, Талдықорғанда дүниеге келген. Биыл Қазақ ұлттық өнер университетінің «Эстрадалық вокал» мамандығы бойынша 3-курс аяқтады.

Ол 2014 жылы «Жас қанат» республикалық жас орындаушылар байқауының финалисі атанды, ал 2015 жылы «Еуразия жұлдыздары» және «Астана дауысы» халықаралық байқауларында бірінші орын алды.

Минскіде онлайн-брифинг кезінде Рухия конкурста дайындық барысы туралы айтты.

«Мен әрқашан анама осы байқауда жеңіске жететінімді айтатын едім. Қазақстаннан бас жүлдені иеленетін алғашқы қыз боламын деген мақсат қойдым. Байқауға үш ай тынбай дайындалдым. Байқау үшін 23 келі салмақ тастадым», – деді жас орындаушы.

Рухия Байдүкенова алда авторлық әндерін жазып, клип шығарып, сонымен бірге әлемдік телевизиялық жобаларға қатысатынын айтты.

Ұлттық өнер университетінің ректоры Айман Мұсақожаеваның айтуынша, Рухия осы байқаудың Қазақстандағы іріктеу кезеңіне үш рет қатысқан. Алғашқы екеуі сәтсіз болған.

Өнердегі жетекші ұстазы Ирина Воловикова

Ирина Воловикова Kaz.nur.kz



тілшісіне берген сұхбатында Рухияның жеңісіне бірнеше жағдай себеп болғанын айтқан.

«Әр байқаудың өзіне лайық, әділ қазыларын таңғалдыратын, мықты әндері болады. Біз осыны есепке ала отырып, фактуралы, күшті энергетикасы бар, жоғары ноталарға бай әндерді таңдадық. Мысалы, Рухия осы байқауда шықпаған «Зозуля» әнін колледжден бері біледі. Байқауда славян тіліндегі ән талап етілгендіктен, таңдауымыз осы әнге түсті. Екінші күні оркестрмен айтты. Біз ол өңді өте көңілді болғандықтан таңдадық. Рухияның екі әні де көңілді мотивтегі әндер болды. Рухияның жеңісіне өңді сәтті таңдауы маңызды рөл атқарды. Бұл – біріншіден. Екіншіден, Рухия – ерекшелікке жаны құмар әнші. Вокалистің ән орындауда бірнеше режимді пайдалануы – жоғары кәсібилікті білдіреді. Онда фальцет режимі, легті режим де болды. Ол өзін жан-жақты көрсетті және талант та өте маңызды рөл атқарды», – деді Ирина Воловикова.

Рухия Байдүкенова бірінші күні америкалық әнші, музыкалық

продюсер Мэрайя Кэридің Emotions әнін орындады. Оның ерекше орындауы мен «Толес» шоу-балетінің хореографиялық қойылымын қазылар алқасы жоғары бағалады, 70-тен 69 ұпай жинады. Қазылар алқасының барлық мүшесі Рухия Байдүкенованың өнерін 10 ұпаймен бағалады. Тек ресейлік Сергей Пенкин 9 ұпай қойды.

Байқауда 1-орынды сербиялық орындаушы, 2-орынды украиналық, 3-орынды Словакия және эстониялық орындаушылар иеленді.

Биыл «Славян базары» халықаралық өнер фестивалінде әлемнің 14 елінен келген жас орындаушылар бақ сынады. Гран-при иегері «Алтын лира» мүшесі мен 20 мың доллар иеленді.

Айта кетейік, бұл – Қазақстанның «Славян базарындағы» үшінші жеңісі. 2015 жылы Димаш Құдайбергін алғашқы жеңімпаз атанса, 2019 жылы бас жүлдені петропавлдық Әділхан Макин жеңіп алған еді.

Биыл қазылар алқасының құрамында қазақстандық әнші Димаш Құдайбергін де болды.

Мейірім ҚАЙРАТҚЫЗЫ

Қызылордада балалар ойын-сауық орталығында жарылыс болды



Қызылордада балалар ойын-сауық орталығынан өрт шығып, жарылыс болды. Бұл туралы Қызылорда облыстық Төтенше жағдайлар департаменті хабарлады.

Оқиға бүгін, 19 шілдеде сағат 07.20-да Ү.Алтынсарин көшесі бойында орналасқан балалар ойын-сауық орталығында болды. Мамандар өрт газ-ауа қоспасы салдарынан шыққан болуы мүмкін екенін жеткізді. Ғимараттың бірінші қабатының 200 шаршы метрге жуық аумағы толықтай жанып кетті.

Өрт сағат 07.44-те оқшаулаып, сағат 08.15-те толығымен сөндірілді.

Оқиға орнына өрт сөндіру қызметінен 42 қызметкер, 11 техника, жедел құтқару жасағының 6 құтқарушысы, 1 техникасы барды. Зардап шеккендер мен қаза болғандар жоқ.

М.ҚАЙРАТҚЫЗЫ

Карантиндегі Құрбан айт: САУАПТАН ҚАҒЫЛМАЙМЫЗ

Биыл мұсылмандар үшін қадірлі Құрбан айт мерекесінің алғашқы күні 20 шілдеге сәйкес келіп тұр. Әдеттегідей көпшілік Құдай разылығы жолында құрбан шалатыны белгілі. Дегенмен екінші жыл қатарынан құрбан шалу қашықтан, онлайн түрде өткізілгені түр. Індетке шалдыққандардың көп болуына байланысты жұрттың бас қосып, мерекені көпшілікпен атап өтуіне шектеу қойылды. Ал мереке қарсаңында мал бағасы шарықтап кетпей ме?

Мадияр ТӨЛЕУ

МАЛ БАЗАРЛАР ЖАБЫҚ

Қазір өңірлерде көпшілік адам жиылып, мал союға тыйым салынып жатыр. Себебі санитарлық талаптар бұзылуы бек мүмкін. Облыстардағы бас санитар дәрігерлердің қаулысында аудандық әкімдіктер арнайы белгіленген орындарда мал союды ұйымдастыруға және өткізуге түбегейлі шектеу қойып жатыр. Бұл шектеу үлкен қалаларда да күшіне енді. Яғни, былтыр шектеу қандай болса, биыл да – сол. Айтпақшы, елімізде Құрбан айт күні мал базарлары жұмыс істемейтін болды. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің шешімі – осы. Мамандар мерекені үйде атап өту керегін айтып отыр. Мешіт аумағына адам кірмейді. Ал құрбандықты онлайн шалу мүмкіндігі бар. Былтыр Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы бұл жайтты ескерусіз қалдырмай, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының тапсырмасымен Qurban2020.muftyat.kz



сайты іске қосылған болатын. Сайт арқылы қазақстандықтар ешқайда бармай, үйден шықпай құрбандық шалуға онлайн тапсырыс бере алады. «Адамдар көп шоғырланатын орындарға бармай, үйде отырып-ақ біздің Qurban2021.kz деген веб-сайт арқылы тапсырыс беріп, өзі үйден шықпай мұқтаж жандарға ет таратуларына мүмкіндік бар. Оның барлығын біздің мешіт қызметкерлері, ерікті азаматтар бар, тегін жүзеге асырады», – дейді ҚМДБ баспасөз хатшысы Ағабек Қонарбайұлы.

Мұндай тыйым мен шектеу қазір ел аумағында өршіп тұрған індет жағдайына байланысты. Мереке кезінде айтылауға да тыйым салынған. Бұл күнді үйде, отбасымен ғана атап өтуге рұқсат берілген. Бірақ онлайн құрбандық адамдарды

сауаптан қақпайды. Жағдайға байланысты бейімделген жөн. Ал дінтанушы Қасым Абдусамат осы тұста бірнеше жайтты ескеру қажетін айтады.

– Құрбан шалған адамның өзі сол істің басы-қасында жүргені абзал, сауабы мол. Бұл хадисте де айтылған. Бірақ міндетті емес. Оның үстіне қазіргідей індет кезінде міндеттелмейді. Құрбан шалу мүмкіндігін өзгеге өкілеттілік жүктеу арқылы тапсыруға болады. Яғни, қасапшыға өкілеттілік жүктеңіз. Қасапшыға сенбесеніз, бейнеқоңырау арқылы бақылап отырыңыз. Менің білуімше, шетелдерде осы бейнеқоңырау арқылы құрбан шалу жақсы дамыған. Бәрі адамның жеке өзіне байланысты. «Онлайн екен, сауаптан құр қаламын» деудің қажеті жоқ. Бірақ тапсырыспен мал соятын қасапшылар бір нәрсені ескергені жөн. Төрт түліктің ішек-қарын

секілді мүшелерін қажетсіз десе, далаға лақтырмай, жерге көму керек. Қоршаған ортаны ластап құрбан шалсаңыз, сауап деп тану екіталай. Алдыңғы жылдары да, былтыр да малдың қажетсіз деген жерін коқысқа тастағандар көп кездесті. Бұрын ең болмағанда терісін сататын еді. Құрбандық шалатын жерлерді ұйымдастырушылар осы қарапайым ережені ұмытпағаны абзал, – дейді ол.

КҮН КӨТЕРІЛДІ МЕ?

Әуелі бір нәрсені айтпайық. Шариғат бойынша зекет бере алатын адамға Құрбан айтта Алла разылығы үшін құрбандық шалу – уәжіп, яғни міндет. Ал зекет беру үшін мал-дүниесі нисап мөлшеріне жетуі шарт. Нисап мөлшері – 40 қой, 30 ірі қара, 5 түйе немесе 85 грамм алтын. Яғни, күнделікті қажеттілік пен қарыздан тыс жиналған мал-мүлік мөлшері осы көлемде болуы қажет. Биыл нарықтық бағамен 85 грамм алтынның құны 1 миллион 130 мың теңгеден асады деп бекітілді. Ал мал-мүлік нисап мөлшеріне жетпейтін адамдар да құрбан шала алады, алайда оларға бұл міндет емес. Шариғат бойынша құрбандыққа шалынатын қой мен ешкі бір жасқа толуы керек. Егер алты айлық болса, бір жасқа толған қой сияқты семіз, етті болуы шарт. Ал сиыр кәй жасар, түйе бес жасар болуы қажет. Сондай-ақ құрбандыққа ақсақ-тоқсақ мал жарамайды. Енді мал құнына тоқталсақ.

Ауылды жер болмаса, қаладағы ағайынның бәрі құрбан етер малын базардан алады. Айт кезінде төрт түлік бағасын себесіз өсіріп жіберетін саудагерлердің барын білеміз. Мысалы, 2019 жылы 30-40 мың теңге тұратын қойдың бағасы 2020 жылы «коронавирустан сақтануға қой еті пайдалы» деген қауастан соң 50-60 мың теңгеге шарықтағаны есте. Ал былтырғы Құрбан айтта бұл баға 70 мыңға дейін аспандады. Айтпақшы, биыл Құрбан айт кезінде бағаның тым шарықтап кетпеуін діни басқарма қызметкерлері жіті қадағалайтын болды. Ол үшін шекті

баға қойған. Ұсақ малды әрі кетсе 70 мың теңгеге, ірі қараны 420 мың теңгеге сатуға рұқсат берілген екен.

Елордалағы «Шанхай» мал базарында құрбандыққа жарамды қойдың бағасы 50 мың теңгеден басталады. Ең қымбаты – 70 мың теңге. Ал сиыр бағасы – 300 мыңнан 400 мың теңгеге дейін жетеді. Жоғарыда айтқан Qurban2021.kz сайты қазір жұмыс істеп тұр. Бұл портал арқылы құрбан шалуға ниетті азаматтар тапсырыс бере алады. Құрбан шалдыру үшін әркім өз өңірін тандап, аты-жөні мен телефон нөмірін жазып, құрбандыққа шалынатын малды таңдауы қажет. Мал бағасы әр өңірде әртүрлі. Төлем тек онлайн қабылданады, ақшаны Kaspi Gold арқылы аударады. Осы сайттағы мал бағасына көз жігіртсең, құрбандыққа жарамды ең арзан қой бағасы 60 мың (Жамбыл облысында) теңгеден басталып, 80 мың теңгеге (Ақмола облысында) жетеді екен. Ірі қараның бағасы 350 мыңнан 450 мың теңгеге дейін. Мал бағасына қасапшының енебекақысы кіреді. Малды бөлшектеп сою, пакеттерге салып, мұқтаждарға жеткізу – тегін. Эпидемиологиялық жағдайға байланысты құрбандық еті толығымен тек мұқтаж жандарға таратылады. Яғни, құрбан шалған адам етті өзіне ала алмайды. Қасапшыларға толығымен сенуге болатын тәрізді. Себебі әр қасапшы ПТР-тест тапсырады.

Бұдан бөлек, 20 шілде таңғы сағат 07.00-де өңірлерде қатаң санитарлық нормаларды сақтай отырып, 10 минуттық Құрбан айт намазы оқылмақ. Бірақ «кызыл аймақтағы» өңірлерде Айт намазы оқылмайды. Жергілікті бас санитар дәрігерлер қаулыға өзгеріс енгізе алады. Ал Нұр-Сұлтан қаласында бас санитар дәрігердің қаулысымен биыл мешіттерде Құрбан айт намазын оқуға тыйым салынды. Осылайша, екінші жыл қатарынан Құрбан айтты шектеу арқылы өткізбекпіз. Адам саулығы басты орында екені анық. Сол үшін тыйымға көнген адам сауаптан қағылады деуге болмайды.

Депутаттар туралы қызық деректер



Қыста өткен сайлаудың қорытындысы бойынша барлық деңгейдегі мәслихаттардағы «Nur Otan» фракцияларының құрамы 65%-ға жаңарды. Осыған байланысты билеуші партияның баспасөз қызметі әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарында қазақстандықтарды жаңа депутаттармен таныстыратын айдар ашты. Олардың басым бөлігі – көп қиындық көріп, бүгінде қайырымдылықпен, ерекше қажеттіліктері бар азаматтарды қолдаумен белсенді айналысып жүрген, ерік-жігері мықты азаматтар.

Солардың бірі – партияшілік праймериздің нәтижесінде елордалық мәслихаттың депутаты болған Ғабит Сатмағамбетов. Павлодар облысының балалар үйінде өскен, оны кейіннен баласы жоқ отбасы асырап алады. Болашақ халық қалаулысы заңгерлік білім алып, адвокат болып жұмыс істейді. Бірақ уақыт өте келе өзін басқа салада сынап көрмекке бел буып, құрылыс компаниясын құрады. Осылайша, ол 2014 жылдан бері 1 млн шаршы метрден астам тұрғын үй салды.

Қолға алған ісі алға басып, тасы өрге домалаған Ғабит Сатмағамбетов тағдырдың тауқыметіне ұшырап, түрлі қиындықтарға тап болған жандарға қол ұшын созу үшін қайырымдылық қорын құрды. Оның қоры 2,5 мыңнан астам қазақстандыққа көмек көрсетті. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған 200-ден астам көпбалалы отбасыға пәтер берді. Сондай-ақ ол азық-түлік себетін тарататын акциялады тұрақты түрде ұйымдастырып, қарттар үйі, санйраулар мен мүгедектер қоғамына қамқорлық жасап, ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін жылына 100 млн теңгеден астам сомаға емдеу және оңалту курстарының ақысын төлейді. Ол Арыс қаласындағы зардап шеккен тұрғындарға арналған үйлердің құрылысына 50 млн теңгеден астам қаражат бөлді.

Жаңа айлардың тағы бір кейіпкері – Шымкент қаласындағы «Nur Otan» фракциясының депутаты Наргиза Керімбаева. 5 баланың анасы 12 мыңнан астам азаматқа қайырымдылық көмек көрсеткен жеке еріктілер қозғалысын құрды. Наргиза Керімбаева Мақтаарал мен Арыс қалаларындағы қайғылы оқиғалардан кейін зардап шеккен аудандарға арнайы барып, тұрғындарды аса қажетті тауарлармен қамтамасыз етті.

Наргиза Керімбаева праймеризде жеңіске жеткен соң депутат атанды. Нақ осы партияшілік

іріктеудің нәтижесінде Шымкент мәслихатындағы «Nur Otan» фракциясының құрамы 75%-ға жаңарып, ал әйелдер саны 12-ден 30%-ға дейін артты.

Ерік-жігері мықты азаматтың үлгісін көрсетіп жүргендердің бірі – Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты Владимир Эрман. Бала кезінен кикбоксингпен айналысқан ол жаракатына байланысты сүйікті спорттан бас тартуға мәжбүр болды. Тіпті, соның салдарынан жүріп-тұра алмай қалды. Алайда өрмінезді жігіт мақсатынан айнамады, бетке алған бағытынан таймады. Жаракат алған соң ол алғашында бұлшықеттерін нығайту үшін, содан кейін кәсіби деңгейде жүзмен айналыса бастады. Тірек-қимыл аппараты зақымданған мүгедек спортшылар арасында жүздеген халықаралық дәрежедегі спорт шебері Владимир Эрман бүгінде өзін толығымен қоғамдық жұмысқа арнаған. Ол ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғаумен бұрыннан айналысады. 2014 жылы алғашқылардың бірі болып Петропавлда мүгедектер үшін жеңілдікпен әлеуметтік такси қызметін ұйымдастыру бастамасын көтерді. Сонымен қатар 30-дан астам мүмкіндігі шектеулі азаматқа тұрақты жұмыс табуға жәрдемдесті. Нұротандық белсенді аз қамтылған отбасыларға азық-түлік себеттерін тарату және балаларды мектепке дайындау акцияларына үнемі қатысады.

Партияның тағы бір жарқын өкілі – Ақтөбе облыстық мәслихатының депутаты Арман Есенжұлов. Зауытта балкытушыдан «Қазхром» компаниясының президентіне дейінгі кәсіби жолдан өткен ол бүгінде тұрақты түрде қайырымдылықпен айналысады. Арман Есенжұлов металлургиялық кадрлық резерв қалыптастыруға және жұмысшы мамандықтарын дамытуға бағытталған «Шеберлер мектебі» бірегей білім беру жобасын құрды. Бүгінде еліміздің

тау-кен металлургия саласын дамытуға үлес қосып жүрген жүздеген маман осы мектепте білім алды. Депутат жыл сайын аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан ауыл мектептерінің оқушыларын Ақтөбеге экскурсияға алып барады. Ал саяхаттың соңында балалар планшет, мектеп пен спорт киімдерін және оқу құрал-жабдықтарын салынған сөмкені сыйлыққа алады.

«Балалар үйі түлектерінің өмірі мен мансабын жоспарлау» жобасы аясында билеуші партияның депутаты Қалқаман балалар үйінің үш тәрбиеленушісінің және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған екі баланың жауапкершілігін өз мойнына алды. Балалар арнайы білім алып, тегін тамақ пен тұратын жермен қамтылды. Кейіннен олар зауытқа жұмысқа орналасты.

2020 жылдың жазында «Қазхром» ауруханалардың реанимация бөліміне 6 мыңнан астам оттегі баллонын жеткізу арқылы Ақтөбенің медициналық мекемелеріне қолдау көрсетті. Пандемия кезінде Арман Есенжұловтың бастамасымен кіші медициналық қызметкерлерге, блок-бекеттердегі әскери қызметкерлерге, жалғызбалық зейнеткерлерге қайырымдылық көмек көрсетілді.

Партия тағы бір мысал ретінде «Парасат 2018» қайырымдылық қорын құрған Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты Нұрғазы Сәтбаевты келтірді. Оның бастамасымен қор Теректі ауданының «Алтын шуақ» мүгедектер бірлестігіне көмек көрсетіп, ауыр науқасқа ұшыраған жандардың шетелде емделу ақысын төлейді. Сонымен қатар ол коронавируспен күрестің аймақтық қорына 10 млн теңге аударды.

Қайырымды адам ретінде Нұрғазы Сәтбаев аз қамтылған және көпбалалы төрт отбасының тұрғын үй мәселесін шешуге көмектесті. Теректі ауданының Подстепное ауылындағы төрт баласы бар ата-анасы санырау, тек жәрдемкемеге жан бағып отырған отбасыға үй алып берді. Алты бала тәрбиелеп отырған тағы бір көпбалалы отбасы үшін жыл бойы пәтер кезегі келгенге дейін жалдамалы тұрғын үй ақысын төледі. Сонымен қатар нұротандық депутат Қазталов ауданы Жұлдыз ауылында аула сыпырышы болып істейтін жеті баласы бар азаматтың да тұрғын үй мәселесін шешуге жәрдемдесті. Сондай-ақ жалғызбасты ананың «Отбасы банк» арқылы пәтер сатып алу үшін 50% жарнасын төлеп берді.

Еске сала кетейік, жергілікті өкілді органдарға сайлау қорытындысы бойынша «Nur Otan» партиясына сайлаушылардың 82,4%-ы дауыс берген болатын. Мәслихаттардағы билеуші партия фракцияларының құрамы 65%-ға жаңарды. «Nur Otan» депутаттарының орташа жасы – 45 болып, 6 жылға жасарды. Әйелдер саны 11-ден 30%-ға дейін, 35 жасқа дейінгі жастар саны 16-дан 23%-ға дейін өсті.

Саябақтағы қоғамдық кеңес отырысы



Тараз қаласындағы Қ.Рысқұлбеков атындағы саябақта «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы жанындағы Жастарды қолдау жөніндегі аймақтық қоғамдық кеңес отырысы өтті.

Еркін форматтағы кеңес отырысына жас депутаттар, қоғам белсенділері, еріктілер ұйымының жетекшілері және жастар қоғамдық бірлестіктерінің төрағалары қатысты.

Күн тәртібінде жастар саясаты саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы,

тұрғын үйді жеңілдікпен несиеле алу бойынша жастардың үлесін арттыру және студенттік жатақхана салу мәселелері көтерілді.

Жиында алдымен облыстық Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы С.Берікжоланың баяндамасы тыңдалды. Ол бүгінде «Әулиеата жастары»

бағдарламасының жобасы әзірленіп жатқанын айтты. Бағдарлама арқылы өңір жастары баспананы жеңілдетілген несиелемен ала алады. Аталған жоба аймақ жастарын тұрғын үймен қамтуға септігін тигізбек.

Бұдан кейін М.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің әкімшілік-шаруашылық мәселелері жөніндегі проректор С.Мұсаев жатақхана мәселесі туралы айтты өтті. Қазір Таразда 516 орындық жатақхананың құрылысы жүргізіліп жатыр. Құрылыс жұмыстары жаңа оқу жылына дейін аяқталып, пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр.

Аталған мәселе бойынша облыстық Білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Т.Жамалов та баяндама жасады. Қазір облыстағы 3 колледжде 750 орын жатақхана қажет. Мәселені шешу үшін Тараз қаласындағы ескі ғимарат қайта жөндеуден өткізіліп, жатақхана ретінде пайдалануға берілетін болады. Кеңес отырысы соңында ұсынымдар қабылданып, күн тәртібіндегі мәселелер бақылауға алынды.

Көңіл айту жеделхатын жолдады

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев өзінің және Сенат депутаттарының атынан ТМД Парламентарлық Ассамблеясы кеңесі бас хатшысының орынбасары – Қазақстан Республикасы Парламентінің уәкілетті өкілі Асхат Нұсқабайдың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты оның туған-туыстары мен жақындарына көңіл айтты.

Сенат Төрағасы көңіл айту жеделхатында дипломат әрі мемлекет қайраткерінің ерен еңбегін атап өтті. «Асхат Жарылқасынұлы Нұсқабай ұзақ уақыт Сыртқы істер министрлігінің жүйесінде жұмыс істеді.

Ол біздің еліміздің консулдық қызметін дамытуға елеулі үлес қосты. Оның парламентарлық ынтымақтастықты нығайту жөніндегі жұмысы жоғары бағаға лайық», – делінген жеделхатта.

Қайраткер отбасына көңіл айтты

Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин ТМД Парламентарлық Ассамблеясы кеңесі бас хатшысының орынбасары, Қазақстан Республикасы Парламентінің уәкілетті өкілі Асхат Жарылқасынұлы Нұсқабайдың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты жақындары мен туған-туыстарына орны толмас ауыр қайғыға ортақтасып көңіл айтты.

– «Өз атымнан және Мәжіліс депутаттарының атынан ТМД Парламентарлық Ассамблеясы кеңесі бас хатшысының орынбасары – Қазақстан Республикасы Парламентінің өкілетті өкілі Асхат Жарылқасынұлы Нұсқабайдың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтамыз. Дипломатиялық қызметте мол тәжірибесі бар Асхат Жарылқасынұлы Қазақстан мен Қырғыз Республикасының, Қазақстан мен Ресейдің мемлекетаралық қатынастарын нығайтуға зор үлес қосты. Қазақстан Республикасы Парламентінің өкілетті өкілі – ТМД ПАА кеңесі бас хатшы-

сының орынбасары лауазымында ТМД елдері арасындағы Парламентарлық ынтымақтастықтың дамуына ықпал етті. Еліміздің патриот азаматы Асхат Жарылқасынұлы туралы жарқын естеліктер жақындарының жүрегінде мәңгі сақталады» – деді Нұрлан Нығматулин. Асхат Жарылқасынұлы Нұсқабай Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі саласында 1997 жылдан бері жұмыс істеді. 2017 жылғы қазанда ТМД Парламентарлық Ассамблеясы кеңесі бас хатшысының орынбасары – Қазақстан Республикасы Парламентінің өкілетті өкілі болып тағайындалды.

«Тассай» индустриалды аймағын аралады

Мәжіліс депутаты, «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшесі Мұхтар Ерман Шымкент қаласындағы «Тассай» индустриалды аймағын аралап көріп, ондағы өндіріс орындарының жұмысын танысты.



«Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты «Nur Otan» партиясы Шымкент қалалық филиалының 2021 – 2025 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасында кәсіпкерлікті дамыту бағытында нақты іс-шаралар қарастырылған. Осы бағдарламаның орындалу барысы мен кездесіп жатқан кедергілерді азайту кәсіпкерлермен депутаттың арасындағы өңгіме өзегі болды.

«Тассай» индустриалды аймағы 89 гектар жерді алып жатыр. Мемлекет тарапынан бөлінген 1,06 миллиард теңгеге жеке компаниялар 45,5 миллиард теңге инвестиция алып келген. Қазір мұнда 27,04 миллиард теңгеге 17

жоба іске асты. Ол кәсіпорындар жұмыс істеп тұр, өнім шығарып жатыр. Тағы 16 кәсіпорынның құрылысы жүріп жатыр. Біразы жақын арада іске қосылмақшы. Оларға жұмсалған қаржы – 11,7 миллиард теңге.

Мұндағы шығарылатын өнімнің басым бөлігі шетелге сатылады. Елімізге валюта алып келіп жатыр. Индустриалды экономикаға әсері тиіпті. Шетелдіктерден түсетін тапсырыс

азайған. Дегенмен өндірісті басқа бағытқа бұрып, жұмыс үш ауысымда ұйымдастырылған. Кәсіпорын басшысы зауыттың іргесіндегі жерге жұмысшылар үшін тұрғын үй салуға айналадағы көріштерімен келісе алмай отырғанын айтты.

Өз кезегінде халық қалаулысы Мұхтар Ерман трансформатор шығаратын зауыттың ішін аралап, жұмыс барысымен танысып, қызмет сапасына оң бағасын берді.

Мүгедектер үшін пойыздардың қолжетімділігі маңызды

«Nur Otan» партиясы Павлодар облыстық филиалы жанындағы жұмыспен қамту және халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау жөніндегі өңірлік қоғамдық кеңестің отырысы өтті. Онда республикалық және облыстық деңгейдегі Жол картасының индикаторларын іске асыру шеңберінде халықты жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру, қозғалысы шектеулі азаматтардың қажеттіліктеріне жолаушылар пойыздары шарттарының сәйкес келмеуі туралы өзекті мәселелер қаралды.

Бірінші мәселе бойынша биыл жұмыспен қамтуды қолдау шараларымен 28,5 мың адам қамтамасыз етілетіні атап өтілді. 2021 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша «Еңбек» бағдарламасымен жалпы саны 14 794 адам қамтылды. Жұмыс орындарын тікелей құратын микрокредиттеу «Еңбек» бағдарламасының басты тетіктерінің бірі екенін айтқан Павлодар облысының Кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Сағыныш Маратұлы аталған бағдарламаны іске асыру туралы жан-жақты тоқталды. Оның шеңберінде жоспарлы 40 бизнесті дамытуға арналған кредиттердің 29-ы беріліп, «Бизнестің жол картасы» бағдарламасын іске асыру шеңберінде қосымша жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік беретін 518 жоба мақұлданған.

Павлодар облысының Ақпарат және қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Руслан Тілеулесов Павлодар өңірі аумағында толық көлемде іске асырылып жатқан «Жасыл Ел» Павлодар штабының жұмысы туралы айтты берді. Биыл 2 200 жасты жұмысқа орналастыру жоспарланған. Қосымша ақы – 39 000 теңге.

Өңгіме барысында кеңес мүшелері Жасыл елдің облыс жастарының жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететін тамаша бағдарлама екенін атап өтті. Сондай-ақ штаб мүшелеріне осы бағытта 3 жыл бойы жетекші орын алғаны үшін алғыс білдірді. Сөз соңында олар басқарма басшысының орынбасарына 14 жастан бастап жауапкершіліктерін қатарына жұмысқа



орналастыру мәселесін зерделеуді ұсынды. Өйткені бұл сұрақты тұрғындар халық қалаулыларына үнемі қояды.

Күн тәртібіндегі үшінші проблемалық мәселе pavlodar.times, kerek.pv Instagram желісінің аккаунттарында орналастырылған Павлодар – Нұр-Сұлтан жолаушылар пойызы шарттарының аз мобильді азаматтардың қажеттіліктеріне сәйкес келмейтіні туралы интернет желісіндегі резонанстық оқиға болды.

«Павлодар вокзалсервис» ЖШС теміржол вокзалында халықтың іс-қимылы шектеулі топтары үшін барлық жағдай жасалған, Павлодар қаласының теміржол вокзалында халықтың іс-қимылы шектеулі топтарының жолаушылар вагондарына кездерісіз кіруін қамтамасыз ету мақсатында арбамен жүретін мүгедектер үшін арнайы механикалық көтергіш бар. Өз кезегінде «Павлодар Вокзалсервис» ЖШС ди-

ректоры Дастан Махметов халықтың іс-қимылы шектеулі топтарына платформадан вагонға көтеруді қамтамасыз ету теміржол вокзалының міндетті қызметтеріне кірмейтінін атап өтті.

Ал кеңес мүшесі, «Чернобыль одағы» КБ төрағасы Виктор Деймунд «Нұрлы жолды» қоспағанда, Қазақстанның көптеген вокзалдарының сәйкессіздігі мәселесіне тоқталды. Павлодар вокзалының перрондары вагондарға қарағанда айтарлықтай төмен, сондықтан жүріп-тұруы шектеулі азаматтар үшін жолаушылар вагондарының қолжетімділігі проблемасы бар екенін жеткізді.

Жиынға қатысушылар Павлодар теміржол вокзалы мен барлық перрондарды қайта жанартуды, ол үлкен салымдарды талап ететінін, оны шешуге бүгіннен бастап кірісу керек екенін және өзге де өзекті мәселелерді айтты, талап-тілектерін ашық білдірді.



2006 ЖЫЛ: ӨРКЕНДІ ДЕ ӨРШІЛ ДАМУ



2006 жыл тәуелсіздік тарихының тура бел ортасы болатын. Ел егемендігіне 15 жыл толған кезеңді Елбасының өз сөзімен айтсақ: «өркенді де өршіл даму үстінде» қарсы алды. Бұл уақыт Нұрсұлтан Әбішұлының сындарлы саясатының жемісіндей – мемлекетіміздің ішкі әлеуеті артып қана қоймай, халықаралық аренадағы беделі де жоғарылай түскен жыл болды.

Нұрлан ҚОСАЙ

ҰЛЫҚТАУМЕН БАСТАЛҒАН ЖЫЛ

Жыл басында Астанадағы Ақорда резиденциясында Елбасы – Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ресми түрде қызметіне кірісуіне арналған салтанатты ұлықтау рәсімі өтті. 11 қаңтар күні өткен инаугурацияға әлемнің 70-тен аса елінің өкілі келіп қатысты. 2005 жылғы 4 желтоқсанда болған Президент сайлауы – XXI ғасыр өміріндегі аса маңызды оқиға. Бұл ретімен санағанда үшінші, ал Конституция қабылданғаннан кейінгі екінші бүкілхалықтық сайлау еді. Сайлау тізімдеріне тіркелген 8,8 миллион сайлаушының

шамамен 6,8 миллионы дауыс беруге қатысты. Солардың ішінде биліктегі Президентке дауыс бергендер саны 6,1 миллион адамды, яғни 91,2% құрады. Сайлау қорытындысы халық сенімінің айқын көрінісі еді. Осы жиында Елбасы алдағы онжылдықта Қазақстанды әлемнің бәсекеге барынша қауіпсіздігі 50 мемлекетінің қатарына қосу туралы мақсатын жария етті. «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қауіпсіздігі 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Жолдауым 2006 жылы реформаларға тын серпін берді. Онда мен негізгі күшті халықаралық маңыздағы «серпінді» жобаларды жүзеге асыру, бәсекеге қабілетті өндірісті дамыту, аймақтық және халықаралық экономикалық бірлестіктер жұмысына белсене қатысу арқылы халықаралық экономикаға кірігу, көлік инфрақұры-

лымын дамыту секілді маңызды бағыттарға жұмылдыруды ұсынған болатынмын. Осы стратегия шеңберінде мемлекет бизнеске мықтап қолдау көрсете бастаған маңызды сектор анықталды. Олардың ішінде құрылыс, шағын бизнесті несиелеу, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және азық-түлік қауіпсіздігі сияқты салалар бар. Бұл мақсатқа мемлекеттік бюджеттен шамамен 550 миллиард теңге бөлінді. Сонымен бірге әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті бола алатын серпінді жобаларға айрықша маңыз беру міндеттелді. Енді біз экспортқа шығарылатын дайын өнімдер жасауға негізделген өндірістер ашуға және дамытуға сенім артуымыз қажет, сондықтан Үкіметке ұлттық тауарлардың бәсекеге қабілетін қолдаудың нақты бағдарламасын түзіп, қабылдау тапсырылды. Осылайша,

бәсекеге қабілетті арттыру тренді іске қосылды» деп еске алады Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Тәуелсіздік дәуірі» кітабында.

ЖАҢАРҒАН ӘНҰРАН – ЖАҢҒЫРҒАН РУХ

Шежірелі жылдың шеру бастаған жаңалығы – қаңтар айында мемлекетіміздің жаңа Әнұраны қабылданғаны. Әнұран негізіне Ж.Нәжімеденовтің сөзіне жазылған композитор Ш.Қалдаяқовтың 1950 жылдары дүниеге келген «Менің Қазақстаным» әні алынды. Қолданыстағы Әнұран мәтініне Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың енгізген өзгерістерін Парламент қабылдады. Сондықтан да Әнұранның заңды авторларының бірі – Н.Назарбаев. Осы атаулы жылы жаңа Әнұранның қабылданғанында символдық мән бар еді. Бұл жылы Желтоқсан оқиғасына 20 жыл толған болатын. 1986 жылы тоталитарлық режимге қарсы тұрып, әр елді өз ұлтының өкілі басқарсын деп алаңға шыққан «азаттықтың алғашқы қарлығаштары» – желтоқсаншылар қақаған аяз, үскірік желге қарамастан, осы әнді шырқап, тәуелсіздікті аңсаған қазақ рухын маздаттып жіберген болатын.

БЕЛ ОРТАДАҒЫ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТ

Швейцарияның Давос қаласында жыл сайын өтетін Дүниежүзілік экономикалық форумның нұсқасы бойынша 2004 жылдан бастап Жаһандық бәсекеге қабілет индексі (GCI) жариялана бастаған еді. Әлем елдерінің саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік даму көрсеткіштерін негізге алып, оның рейтингін бағалайтын бұл индексте осы жылы Швейцария көш бастап тұрды. Одан кейінгі орында Финляндия, Швеция, Дания, Сингапур, АҚШ орын тепкен болатын. Осы 2005-2006 жылдардың қорытындысы бойынша Қазақстан 125 елдің ішінде 56-орынды иеленді. Бұл көрсеткіш Қазақстанның Орталық Азия ғана емес, ТМД-ның барлық мемлекеттерінен озық келе жатқанын айғақтады. Өйткені Ресейдің өзі

осы тізімде 62-орынға орнықты. Әзербайжан – 64, Украина – 78, Тәжікстан – 96, Қырғызстан 107-орынға тұрақтады. Мұның бәрі тәуелсіздік тудырған сындарлы реформалар мен ұлттық жаңғырудың жемісі еді. Елбасының «Бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енеміз» деп ұран тастағаны да халықаралық рейтингтік агенттіктерде еліміздің аты атала бастаған осы кезең болатын. Сол жылы 125 елдің қатарынан табылғанымыз, тәуелсіздіктің бел ортасындағы мерейтойда ел мерейін асқақтатта түсті. Бүгінде бұл индекс 141 елді қамтиды. Осы 15 жылда Қазақстан бәсекедегі бел ортаны берген емес.

ҰЛТТЫҚ ҚОРДА 14 МЛРД ДОЛЛАР

2000 жылдардың басы ел дәулетін еселеген жыл болды. Әлемдік нарықтағы қолайлы конъюктура мен ішкі өндірістегі еңбек өнімділігі селбесе келе, жанадан ашылған Ұлттық қорда шоғырланған қаражат көлемі күрт артты. Мәселен, 2004 жылы бұл көрсеткіш 5 миллиард доллар болса, 2005 жылы 8 миллиардқа, ал 2006 жылы 14 миллиардқа жетті. 2007 жылы бұл сома 21 миллиард АҚШ долларын құрағанын мақтаншып айта кеткен абзал. Ұлттық қордың дер кезінде құрылуы Қазақстан тарихындағы айтарлықтай елеулі шешім еді. Мәселен, 2007-2009 жылдардағы жаһандық дағдарыс салдарын енсеруде қордағы қаржы аса маңызды рөл атқарды. Қордың негізгі қаржы көзі – шикізат секторы ұймдарының жоспардан тыс кірісі. Қаржылай ахуалдың күрт жақсаруына байланысты әлеуметтік саясат та жаңа арнаға бұрылды. Статистика агенттігінің мәліметінше, 2006 жылы еліміздің жалпы ішкі өнімінің жылдық өсімі 7,1%-ды құрады. Жыл соңында инфляциялық өсім 0,8%-ға жетті.

АҚШ-ҚА САПАР: ГЕОСАЯСАТ ТАРАЗЫСЫНДА

Мемлекет басшысының шетелдерге ресми сапарлары қай елдің болмасын халықаралық беделін

нығайтып қана қоймай, оның халықаралық қауымдастыққа кірігу процесінде үлкен маңызға ие екені анық. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2006 жылғы АҚШ-қа ресми сапары осындай тарихқа бедер салған оқиға болды. Өйткені дәл осы жолы Нұрсұлтан Әбішұлы алыстағы АҚШ мемлекетіне ресми сапары кезінде әдеттегідей мемлекет басшылары орналасатын резиденцияларын бірінде емес, азуын айға білеген Америка президентінің әкесі үйінде қона жатып, қонақ болған болатын. Жаһандық геосаясаттағы гегемон елдің қазақ халқының басшысына іш тарта ерекше құрмет көрсетуінде ресмиліктен тыс риясыздық жатыр еді. Ал бұған дейін мұндай ерекше жоғары құрмет бұрынғы КСРО мемлекеттері басшыларының бірде-біріне көрсетілмеген екен. Нұрсұлтан Назарбаевтың Америкаға сапары еліміздің құрметін арттырып қана қоймай, Қазақстанның геосаясаттағы таразы басын тең ұстаудағы саясатына салмақ бітіріп, бір ширатып алды. Мәселен, сыртқы саясат сарапшылары осы АҚШ-қа стратегиялық сапардан соң, Қытай басшылығы да екі ел арасындағы байланысты стратегиялық деңгейге көтеруге бұрынғыдан да зор мүдде таныта бастағанын жиі айтады. Одан бөлек, Ресеймен әуелден келе жатқан мығымас стратегиялық әріптестігіміз тағы бар. Бұл тарихи қозғау салған оқиғаның цифрда құпталуы түседі. 2006 жылдан соңғы ахуал бойынша Қазақстанға келген шетелдік инвестиция көлемі 100 миллиард доллардан асып түскен. Бұл стратегиялық ишараның жемісі ел тарихына саяси әл-қуатымен ғана емес, экономикалық қауқарымен де дем болып біткені анық. Сапар барысында 26-29 қыркүйек күндері Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың АҚШ президенті Дж. Бушпен, АҚШ Конгресі палаталарының өкілдерімен, басты министрліктер мен ведомстволардың, ірі энергетикалық компаниялардың басшыларымен, көрнекті қоғам және діни қайраткерлерімен кездесуі өтті.

Жаңа медициналық орталық пен зертхана ашылды



Қазір халық денсаулығының сапасын арттыру – негізгі мәселенің бірі. Бүгінде бүкіл әлемнің бас ауруына айналып отырған коронавирусты қоса алғанда, қатерлі ісік пен жүрек-қан тамырлары аурулары да асқынып тұрғанын жасыруға болмайды. Сондықтан аймақтарда жұртты жиі мазалайтын қауіпті аурулар дер кезінде анықталып, емдеуге баса назар аударылып, осы бағытта мемлекеттік және жекеменшіктік әріптестік негізінде тиісті қадамдар жүзеге асырылуда.

Болат АБАҒАН

Соның бір айғағы ретінде «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы аясында Алматы облыстық Денсаулық сақтау басқармасы мен «КДЛ ОЛИМП» ЖШС компаниясы және OLYMP MEDICAL GROUP ЖШС арасындағы мемлекеттік және жекеменшік әріптестік нәтижесінде Талдықорған қаласында ашылып, халыққа қызмет көрсетуге кіріскен DiVera медициналық орталығы мен орталықтандырылған медициналық зертханасын айтуға болады.

Жетісулықтар үшін жағымды болған жаңалықтың іске асырылуына арналған рәсімге облыс әкімінің орынбасары Арслан Дәндібаев, OLYMP MEDICAL

рады және мемлекеттік емес ұйымдармен тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін көрсетуді барынша кеңейтеді. Ал бұл өз кезегінде әлеуметтік медициналық сақтандыру шартына сай алғашқы медициналық-әлеуметтік көмекті қаржыландыру арқылы бәсекелестікті қалыптастырып, көрсетілетін қызметтердің ашықтығын, сапасын, қолжетімділігін қамтамасыз етуге жол ашады.

Қазір еліміздегі онкологиялық аурулар ішінде сүт безінің қатерлі ісігі жалпы құрылымда 2-орында орналса, әйелдердегі онкологиялық аурулар



арасында 1-орында тұр. Облыс орталығында ашылған DiVera медициналық орталығы бірінші кезекте сүт безі қатерлі ісігін зерттеуге қатысты қызмет көрсетеді. Сонымен қатар гинекологтің, педиатрдың, терапевтің және тағы басқа маман дәрігерлердің қабылдауын жүзеге асырады. Кез келген ауруды алдын ала анықтау мен дер кезінде емдеудің тиімділігі айтпаса да түсінікті. Соған сай ең соңғы үлгідегі заманауи Fujifilm Amulet Innovallity аппаратымен жабықталған DiVera медициналық орталығы облыс пен Талдықорған қаласындағы сүт безі қатерлі ісігінің кешенді диагностикасын жүргізетін бірден-бір орталық.

Алматы облысы

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында тұратын Ермек Сұңқарбекұлы соңғы жылдары құрылыс материалдарына деген сұраныстың барынша артып тұрғанын ескеріп, көршілес аудандар аумағында газоблоктар, приторлық блоктар мен төсеніш тастар шығаратын екі шағын кәсіпорынды іске қосты.

Екі шағын кәсіпорынды іске қосты

Болат АБАҒАН

Бірінші зауыт былтыр Талғар ауданында салынған. Шағын ғана аумақта өндірістік цех, қоймалар, ұңғыма, дайын өнімдерді сататын шағын дүкен орналасқан. Екінші цех осы жылғы мамыр айында Боралдай ауылында ашылды. Жалпы аумағы 1 гектар жерді алып жатыр. Екі шағын кәсіпорында күн сайын 50 шаршы метрден астам төсеніш тастар, 240 дана газоблок пен 1 200 приторлық блок шығарылады. Өндіріс орындарында 17 адам жұмыс істейді.

«Өз кәсіпорындарымды ашқанға дейін құрылыс компаниясында жұмыс істедім. Тәжірибем болды. Блоктарға сұраныс бар екеніне, кәсіп жүргізуге мүмкіндіктің жеткілікті екеніне көзім жетті. Сол кезде жеке шаруаны жолға қою жайлы идея пайда болды. Еңбекшіқазақ ауданындағы кәсіпкерлер палатасы арқылы «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне оқыту жобасына қатысуға бел будым. Алғаш рет 200 АЕК көлемінде грант, кейін 6 млн теңге көлемінде 6 пайызбен жеңілдетілген несиеленді. Сонымен бірге «Бизнестің Жол картасы» бағдарламасы аясында инновациялық жоба ретінде 2 млн теңге көлеміндегі грантты иелендім. Осы қаражатқа блоктар мен төсемдер, басқа да жабықтар шығаратын станоктарды сатып алдым. Жабықтардың барлығы отандық өнім, тек приторлық блоктар шығаратын станок Қытайда жасалған. Өндіріске арналған шикізат жергілікті қарьерлер мен цемент зауыттарынан жеткізіледі», – дейді кәсіпкер.

Ермектің айтуынша, өндіріс пен сату маусымы наурыз айында басталып, қазан



айының соңына дейін жалғасады. Өнімдердің көпшілігі жеке азаматтарға сатылса, қалғанын шамамен 30%-ын мемлекеттік және бизнес құрылымдары сатып алады.

Алда кәсіпкер өндірісті кеңейтіп, өнеркәсіптік база салуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ қызмет көрсету және туризм салаларын байқап көруге ниетті екенін айтады.

Алматы облысы кәсіпкерлер палатасының мәліметінше, жыл басынан бері «Еңбек» бағдарламасы аясында «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне 2,5 мыңнан астам жұмыссыз және жас кәсіпкер оқытылыпты. Жоба бойынша өткен жылы және биыл оқытылғандарды ескергенде 700-ден аса бизнес-жоба грант пен жеңілдетілген несиеленді.

Алматы облысы

Көзбояу тірлік көркем есепке жақсы

Антимополиялық орган **Vazis-A, Bi-Holding** және басқа алпауыт құрылыс компаниялардың тұрғын үй кешендеріндегі баспана бағасын төмен түсіруге кірісті. Агенттік біраз заңғар үйдегі шаршы метр құнын 90 мың теңгеге дейін арзандатқыза алғанын жетістік ретінде дәріптеп, насихаттап жатыр. Алайда халықтың ризашылығына емес, қатаң сынына ұшырады. Неге?

БАЙ БАЙҒА ҚУЯДЫ

Мәселенің мәнісін ұғыну үшін оның егжей-тегжейіне тоқтала кеткен жөн. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі бастапқы баспана нарығындағы бәсекелестіктің ахуалына талдау жүргізген екен. Нәтижесінде, алып құрылыс компанияларының өзара ымыраласып, келісімді баға белгілеп, нарықта жоғары бағаны жасанды ұстап тұрғаны ашкереленген. Демек, мемлекеттің олардан бағасын төмендетуін талап етуі заңды әрі қажетті шара. «Бірақ теңдік пен бәсекелестікті сұрауы тиіс ведомство оны қаншалықты пәрменді жүзеге асыра алды?» деген сауал туады.

Біріншіден, антимонополистің талабына өзирге екі ірі салушы ғана мойынсұнып отыр.

«Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі бастапқы тұрғын үй нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне жүргізілген талдау қорытындысында бірқатар компанияның, соның ішінде **Vazis-A, Bi-Holding** холдингінің, РАМС-Қазақстан компаниясының іс-әрекеттерінде тұрғын үй бағаларын келісіп белгілеу және бағаны жоғары ұстап тұру белгілері анықталды. Осы компаниялардың атына бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзу белгілерін жою және бастапқы баспана бағасын төмендету қажеті туралы хабарламалар жіберілді. Бүгінде **Vazis-A** мен РАМС-Қазақстан төл жана құрылыстарындағы бағаны төмендету бойынша монополияға қарсы ведомствоның талаптарын орындады», — деп мәлім етті агенттік.

Екіншіден, кейбір ТК-да шаршы метр құны 90 мың теңгеге арзандатылғанымен, ол бәрібір бұқара үшін қолжетімсіз болып қала бермек.

Атап айтқанда, РАМС-Қазақстан компаниялар тобы монополияға қарсы органның талаптарына бағынып, Алматыдағы бірқатар тұрғын үй кешенінің бағасын



15%-ға немесе орта есеппен 90 мың теңгеге дейін төмендетіпті. Әйткенмен бағасы бәрібір ұдайы. Тарата айтсақ, «Ламия» ТК-сында әр шаршы метр құнын бұрынғы 545 мыңнан енді 463 мыңға дейін, **Forum Residence**-те 571 мыңнан 485 мыңға дейін, «Ортауда» 601 мыңнан 511 мыңға дейін, «Номадта» 492 мыңнан 418 мыңға дейін, «Номад 2»-де — 460 мыңнан 391 мыңға дейін, «Навои 3.0»-де — 453 мыңнан 385 мыңға дейін, ал **Rams city**-де — 528 мыңнан 448 мыңға дейін арзандатқан.

Нәтижесінде, антимонополистер бағаны түсірткізгенің өзінде, бұл ТК-ларда 2 бөлмелі, 70 ш.м. көлеміндегі шағындау баспана сатып алушыға орта есеппен 31,5 миллион теңгеге түспек. Бұл 2 бөлмелісі ғана! Қатардағы қазақстандық көпбалалы отбасылардың басым көпшілігі үш-төрт бөлмелі пәтерге де сонша қаражат таба алмайтыны жасырын емес.

Содан болса керек, бай-бақуаттылардың осы ТК-лардан баспана алуға қомақты ақша үнемдейтініне қоса қуанудан былайғы жұрт баса тартты.

БАҒАНЫ ТӨМЕНДЕТКЕН СЫҢАЙ ҒАНА ТАНЫТТЫ

Үшіншіден, еліміздің екі ірі мегаполисін ең жайлап, ең сүбелі, майшелпек құрылыс алаңдарын иеленген, мемлекеттен қолдау, салықтық жеңілдіктер мен артықшылық-привилегиялар көріп жүрген белгілі құры-

лыс холдингінің баға төмендетуі көзбояуға көбірек ұқсайды.

«**Vazis-A** компаниясы Алматы қаласындағы тұрғын үй кешендерінде 1 шаршы метрінің бағасын 20 мың теңгеге дейін төмендетті. Нақтылай кетсек, «**Акварель**» тұрғын үй кешеніндегі ш.м. бағасы бұған дейінгі 425 мыңнан 410 мыңға дейін, «**JAZZ-кварталда**» 475-449 мыңнан 460-434 мыңға дейін, «**Легендала**» 650 мыңнан 630 мыңға дейін, **Rivera**-да 555-483 мыңнан 540-468 мыңға дейін, «**Алматыла**» 347 мыңнан 338 мыңға дейін, «**Ремизовқада**» 605 мыңнан 585 мыңға дейін арзандатылды», — деп шаттана жеткізді антимонополиялық агенттік.

Айта кету керек, мысалы, **Vazis-A** «ерекше орам», «көне Алматының жүрегі» деп жарнамалап жатқан **Legenda TK**-інде 62 шаршы метрлік қана, 2 бөлмелі пәтер 39 миллион теңге тұрады.

«Монополистермен күресетін құзырлы органның аса қымбат үлгерге баса назар аударғанын, соның бағасын түсіруге күш жұмсағанын құптамаймын! Бұл елге қажетті, нәтижелі жұмыстан гөрі хайпқа көбірек ұқсайды. Осылайша, шенеуніктер бюджет есебінен төленетін жұмыс сағаттарын шылқыған бай адамдарға жағдай жасау үшін шығындағаны өкінішті» — деп ішкі қыжылын білдірі алматылық Руслан Боранбай.

Агенттік болса, өз талабын құрылыс алыптары 30 күні ішінде орындауға міндетті

екенін жариялады. Егер сән-салтанатты нысанғадағы шаршы метрлерін арзандатпаса, құзырлы орган қудаламақ ниетте.

«Хабарламаны орындамау монополияға қарсы тергеу жүргізуге негіз болады. Бұған дейін монополияға қарсы органның талабы бойынша **Шымкент**, **Қарағанды**, **Өскемен** және **Қостанай** қалаларында құрылыс салушылар бағалары орта есеппен 15-20%-ға төмендетті. Мысалы, **Шымкентте Dostyk Invest Group ЖШС** баспананың әр шаршы метрінің құнын 330 мың теңгеден 270 мың теңгеге дейін, «**Отану** групп» ЖШС 300 мыңнан 270 мың теңгеге дейін, **Қарағандыда PROF Invest ЖШС** 300 мың теңгеден 279 мың теңгеге дейін, **Өскеменде «Достармай» ЖШС** тұрғын үй объектісінің жайылығы мен қабатына байланысты 350 мың теңгеден 220-280 мың теңгеге дейін, ал **Қостанайда «БК-Строй» ЖШС** 245-230 мың теңгеге дейін төмендетті», — деді Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі.

Айтақшы, **Bi-Holding**-тің баға түсіргені туралы өзирге хабар жоқ.

ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ҚЫМБАТТАУЫНА НЕ СЕБЕП?

Қынжылтатыны сол, баспана құны күн өткен сайын қарайымын халыққа қолжетімсіз болып барады. Мысалы, әкімдіктерде үй кезегінде тұрған баспанасыздар «**Шанырақ**» (5-10-20) бағдарламасына көшірілгені мәлім. Мемлекет оларға «Отбасы банкі» арқылы 5 пайыздық жеңіл несие беріп жатыр. Дегенмен бағдарлама қатысушылары сол төмен мөлшерлемелі кредитке алуға арзандау пәтер таппай жатыр.

Семей тұрғыны, мембағдарлама қатысушысы **Гүлнәр Жұмағазиеваның** жұбайы мемлекеттік органдарда жұмыс істейді, 2015 жылдан бері баспанаға мұқтаж отбасы ретінде үй кезегінде тұр.

«**Биыл «Шанырақ»** бағдарламасы аясында несиеге 3 бөлмелі пәтер алу жөніндегі өтінішіміз мақұлданды. 2020 жылғы желтоқсанда барлық құжаттарды өткізіп, растау хат алғанбыз. «**Шанырақ**» бойынша пәтер сатып алуға 6 ай ғана мерзім беріледі. Содан жыл басынан бері шабылып, бүкіл қаланы аралап, шарқұрсақта, дайын, іске қосылған, бағасы қолайлы сомадағы бастапқы үйді таба алмадық. Маусым айында іздегенімізге қол жеткізгендей болғанбыз. Бірақ бұл кезде «Отбасы банкіндегі» мақұлдау мерзімі аяқталыпты. Яғни, пәтерді рәсімдеп үлгермедік. Енді бізге үй кезегіндегілердің тізімінен шығарып тастайтыны туралы хабарлап жатыр», — деп тұнжырайды ол.

Бұл отбасы он жылдан бері балиғатқа толмаған екі баласын ертіп, жалға берілетін үйлерді жағалап жүрген көрінеді. Отағасы да, отанасы да мемлекеттен тегін үй беруін талап етпейді. Жөнілдетілген несиеге баспана алуға көмек көрсетсе, соның құнын өзі-ақ көтермек. Әйтсе де, нарықта қол-

жетімді баспана болмауы кесірінен ол мүмкіндіктен айырылып қалғалы тұр.

«Неге нарықта күрделі жағдай қалыптасқан кезде 6 ай мерзіммен шектеп тастағаны түсініксіз. Оны ұзартпайды екен. Әу баста жарты жылдың пәтер табуға жетпей мүмкін екенін айтып, қауіп білдіргенімізде «Отбасы банк» мамандары: «Үлгересіздер, оған алаңдаудың қажеті жоқ» деп сендірген. Бұлар білетін шығар дегенбіз. Енді мемлекеттік қолдау дегені босқа жүйке жұқарту болып шықты», — дейді бағдарлама қатысушысы.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов құрылыс материалдары бағасының қымбаттауы баспана бағасына кері ықпал етеу деген тұжырым айтады. Оның айтуынша, елде құрылыс материалдары қымбаттауының негізгі себептері — девальвация мен пандемия көрінеді.

«Бұлар жеткізу және логистика бағасын арттырды. Рас, мұндай жағдай жалғыз Қазақстанда емес, бүкіл әлемде қалыптасып жатыр. Біз Бәсекелестікті қорғау агенттігімен бірлесіп, мониторинг жүргізіп, барлық өндірісті мен жеткізушіні баға бойынша ымыраласуға және спекуляцияға тексеріп жатырмыз. Егер бағаны негізсіз көтеру деректері ашкереленсе, тиісті антимонополиялық шаралар қабылданды», — деді ИИДМ басшысы.

Жылжымайтын мүлік саласына маманданған ұлыбританиялық **Knight Frank LLP** агенттігі жақында әлемдегі баспана құнына талдау жасап, рейтинг түзді. Онда 2020 жылы Украинада тұрғын үй 8,4%-ға, Ресейде 10,7%-ға арзандағаны айтылған. Пост-көтенестік өзге елдерде де төмендеу байқалады. Мысалы, көрші Өзбекстанда ел президенті Шавкат Мирзиёевтің тапсырмасына сәйкес, барлық облыс пен аудандардың хоқимдері баспананың 1 шаршы метрінің ең жоғары межесін 4 миллион сум (161 мың теңге) көлемінде бекітті. Қырғыз Республикасында пандемия және халық тұрмысының нашарлауы аясында жылжымайтын мүлік нарығындағы баға биыл 20—30%-ға құлдырайды деп болжанып отыр.

Ал Қазақстанда жыл өткен сайын тек тоқтаусыз қымбаттап жатыр. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының дерегіне, елімізде жана тұрғын үйлерін сату бағасы 2013 жылы 9,6%-ға, 2014 жылы 11,5%-ға, 2015 жылы 15,8%-ға көтерілген. Тек 2016 жылы -3,6%-ға түсіпті. Ары қарай тек шарықтай берген: 2017 жылы 1,3%-ға, 2018 жылы 2,6%-ға, 2019 жылы 6,4%-ға, 2020 жылы 5%-ға, ал биылғы жартыжылдықта тағы 9,2%-ға өскен. Яғни, шаршы метрлердің басқа шауып, төске өрлеуі жалғыз биыл емес. Тұрақты тенденцияға айналып барады.

Елдос СЕНБАЙ

Аралас мектептер азайған жоқ

(Басы 1-бетте)

Еркеғали БЕЙСЕН

ОН ЖЫЛДА ОҢБАЙ ҚАЛДЫҚ

2020-2021 оқу жылдары елімізде жалпы саны 7 440 мектеп жұмыс істеді. Міне, осы 7,5 мыңдай білім ордасының тек 3 809-ы немесе 51,2 пайызы ғана таза мемлекеттік тілде білім береді. Бұл ретте қалаларда тек 744 казак мектебі орналасқан. Ал орыс тілінде білім беретін 1 287 мектеп бар десек, қалған 2 319-ы — аралас-құралас. Ең сорақысы, сол аралас мектептердің 1 343-і ауылдарда жұмыс істеп тұр.

Қазакша білім ұйымдарының үлесі соңғы онжылдықта күрт қысқарған. Мысалы, 2010 жылы Қазақстандағы мектептердің 68,5 пайызы қазақ тілінде болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 51,2 пайызға дейін құлдырапты. Солтүстік өңірлердегі өзге ұлт өкілдері тарихи Отанына үдере көшіп, жылына жүзден ауылдың жабылып жатқанын ескерсек, бұл енді орысша оқытатын 1-сыныпқа өзіміздің қарақөздер ағылуда деген сөз. Өйткені аралас мектептердің саны сол 10 жыл бұрынғы 2 164-тен 2 319-ға дейін артқан. Оны білім саласына жауапты мамандар «орыс мектептеріндегі балалар сиреп қалғандықтан, солардың ішінен қазақ сыныптарын ашып жатырмыз» деп түсіндіруге тырысты. Бірақ сарапшылар «Мәселе аралас мектептердегі қазақ және орыс сыныптарын ажыратып, бірыңғай орыс не қазақ тілінде мектепке айналуға болып тұр» десеңі. Осы уәдідің жаны бар сияқты. Себебі орыс және аралас мектептерде тек орыс тілінде білім алатын балалардың саны 10 жыл бұрынғы 857 308 баладан алддағанда артқан.

Қазір елорда қазақтарының өзі әкімдіктен қазақ мектептерін орысшаға не араласқа айналдыруды талап етуде. Мысалы, тауыда Бауыржан Момышұлы даңғылы бойында №92 жана мектеп-гимназия іске қосылды. Ол биылғы қыркүйекте оқушылар қабылдауға дайын. «Жана мектептің әкімшілігі оның оқыту тілі қазақша болатынын хабарлады. Бірақ оның айналдасындағы тұрғын үй кешендерінде орыс тілінде оқытын балалар да тұрып жатыр. Олар іргеді мектеп тұрғанына қарамастан, бәрібір қаланың әр түкпіріне ағылуға мәжбүр болады. Жолдың арғы жағындағы ескі №70 гимназия осында да 100 пайыз қазақша оқытады. Сол себепті біз жана мектептегі сыныптардың жартысын орыс тілінде оқытуға көшіруді сұрап отырмыз. Біздің балаларымыздың да орыс тілінде білім алуға мүмкіндігі болуы керек», — дейді Дина Сарбасова деген тұрғын. Сондай-ақ орыстілді қазактары басым сол жағалау тұрғындары басында қазактiлді болып жұмысын бастаған №89 мектепті аралас мектепке айналдырып тынған болатын. Ол туралы Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының басшысы Шәкерім Сейсенбай мәлімдеді. «Қазір қалада 91 мемлекеттік мектеп бар. Соның ішінде 31-і таза казак, 8-і орыс мектебі болса, қалған мектептердің бәрі аралас. Ата-аналар Білім басқармасына

келіп, орыс тілінде оқытатын сыныпты қажет етеді», — дейді ол.

АЙМАҚТАРДАҒЫ АХУАЛ ҚАЛАЙ?

Биыл еліміздің 3 мегаполисінде мектеп оқушыларының қай тілде білім алып жатқаны белгілі болды. 2020-2021 оқу жылында елордала казак сыныптарында — 108 мың, орыс сыныптарында 85 мың бала оқыған. Ал Шымкентте казак сыныптарында — 152 мың, орыс сыныптарында — 54 мың, тіпті өзбек сыныптарында 20 мың бала білім алыпты. Алматыда казак сыныптарындағы (140 мың) оқушылардан орыс сыныптарындағылар (153 мың) басым болып шықты. Ақмола облысында да сол, 555 жалпы білім беретін мектептің 159-ы ғана қазақша, 218-і аралас. Бір қызғын, Тәуелсіздік алғалы Көкшетауда жана казак мектебі 2018 жылы бір-ақ салынған. Соны қосқанның өзінде қалада мемлекеттік тілде білім беретін 4-ақ мектеп бар. Ал аралас мектептерде оқушылар үшін казак тілі — тек 45 минуттық тіл.

Сонымен қатар биылғы Қостанай облысының Қарасу ауданында алғаш рет 320 орындық казак мектебі салынып жатыр деп бөрікімізді аспанға аттық. Ол — өңірдегі көлемі, халық саны жағынан да іргелі аудандардың бірі. Әйтпесе, Қостанай қаласының өзінде 17 орыс, 10 аралас мектептің арасында 6-ақ казак мектебі бар. Жалпы, облыста қазақша оқып жатқан балалардың үлесі барлық оқушының 3/1 бөлігін де толытыра алмай отыр. Ал ондағы халықтың 40 пайызы — казак. Демек, казак мектептерінде баласын оқытуға құлықсыз ата-аналар баршылық. «Мен бір қыздық айтайын, қаймағы бұзылмаған Торғай өңірінде қалың казак отыратын Жангелдин ауданында бірде-бір орыс жоқ. Бір-екі орыс болса, олардың өзі казакша сөйлейді. Сонда Иванов атындағы мектеп бар. Бұдан 15 жыл бұрын сол мектепте 400 оқушы, 40-50 мұғалім болатын. Бәрі қазақша сөйлейді. Орыс мектебі деген аты болмаса, оқушылары орыс тілінде диктанты екіге жазады», — дейді жергілікті қаламгер Ақылбек Шахмет.

Қазір жарты миллион халқы бар Қарағанды қаласында да 12 мектеп таза орыс тілінде білім берсе, 10 мектеп қана мемлекеттік тілде оқытады. Ал аралас мектептердің саны — 56. Жергілікті 30 мыңнан астам казак баланын 10 мыңнан астамы орыс мектептеріне барып жүр. 2007 жылдан бері бірде-бір білім үйі салынбаған Петропавл қаласында 2019 жылы 3 қабатты нысан тұрғызылды. Бұл 6-шы казак мектебі еді. Алайда жалпы СКО бойынша да 259 орыс, 114 казак және 95 аралас мектеп бар. Қазак мектептерінде оқытын 12 мың баладан орысша білім алатын балалар саны 3 есе артық екен. Ал көрші Павлодар облысына тоқталсақ, «Павлодар қаласында 7 казак, 12 орыс мектебі бар. Қалған 18-і — аралас мектеп. Яғни, орыс мектебі казак мектебінен 1,5 есе көп. Екібастұзда жалғыз казак қыздар гимназиясы бар еді, оны да жауып тынды», — дейді қоғам белсендісі Руза Бейсенбайтегі.

Сауықшыл жұрттың ҚАРАСЫ КӨП

(Басы 1-бетте)

Жадыра МҮСІЛІМ

МИЛЛИОНДАҒАН ТЕНГЕ АЙЫППҮЛ ДА АЙЫЛ ЖИҒЫЗБАДЫ

Қазір Нұр-Сұлтан қаласында әкімдік өкілдері, полиция қызметкерлері кіретін 8 мониторинг тобы күн сайын 100-ден аса нысанға тексеріс жүргізіп, тәулігіне 10-20 жиынды тоқтатады. Соңғы екі күннің ішінде F16-Zeine кафеесі, «Кибер Арена» компьютерлік клубы, Pingwin боулинг клубы, «Панахали» бары, Plaza Di Astana саланат сарайы, Infomgo мейрамханасы, «Мята» лаундж-бары, Maktub шығыс кофеханасы, «Пар Хаус» саунасы, «Колесо», «Чечил Паб» барлары, «Алания» караоке-мейрамханасы, «Текила» лаундж-бары, «Жеті Қазына» мейрамханасы, «Адлер» қонақ үйі, Chili Grill бары, LA-VASH FOOD жылдам тамақтану орны мен «Самал» мейрамханасы қаулыға қарамай жұмысын істегені анықталды.

«Биыл жыл басынан бері барлығы 1120 материал келіп түсті, оның ішінде 99 704 890 теңге сомасына 530 әкімшілік айыппұл қаралса, 59 800 115 теңге сомасына 418 айыппұл қысқартылған тәртіптен төленді. Сондай-ақ үйде оқшаулауды сақтау шарттарын бұзғаны үшін 13 жеке тұлға жауапкершілікке тартылып, 568 815 теңге айыппұл төледі. Бүгінге дейін барлығы 791 жеке, заңды тұлғаға СЭБ аудандық басқармалары 160 808 530 теңге айыппұл салды», — дейді қалалық СЭБ мамандары.

БЛОГЕРЛЕР КЕШІ ТОҚТАТЫЛДЫ

Жексенбі күні елордалағы мониторинг тобы екі айдан бері жалаулатқан блогерлер мен тиктокерлердің «ғаламат» кешін бір күнді тастады. ДАВ проактив компаниясының директоры Дамир Арусов ұйымдастырған кешке бас-аяғы шамамен 200-ден аса адам жиналған. ЕСНО мейрамханасында өтуі тиіс болған кешті жиналғандар бақандай бес сағат бойы күтті. Ал осы бес сағаттың ішінде ығы-жығы халықтың арасында ауру белгісі бар адамды айыру қиын. Сорақысы сол мониторинг тобы өкілдері екі күн бойы бақылауға алғанымен, карантин талаптарын сақтауға бұл мейрамхана иелері құлықсыздық танытқан.

«Сенбі күні Алматы ауданы бойынша 14 бизнес объектісі карантин талаптарын бұзды. Бір тәулікте ауданда 6 тойдан иесі карантин талаптарын қалың етіп, құдалық, тұсаукасер, үйлену той, туған күн кештерін ұйымдастырған. Қазір тойлардың көбісі күндізгі уақытта ұйымдастырылады. Адам саны орташа алғанда 50, ары кетсе 150 адамға дейін барады. Халықтың өзі тойға барудың дұрыс емесін, жақындарына індет жұқтыру қаупі көп екенін түсініп қалды. Дегенмен есікті іштен құлыптап қоттеждерде той жасау үрдісі алып кетті», — дейді Алматы ауданы әкімдігінің өкілі



Бекарыс Алмағамбетов. Мониторинг тобы мүшесі ретінде блогерлердің кешін болдырмау үшін түскі екіден бері мейрамхана иелеріне түсіндіру жұмысын жүргізіп жүрген әкімдік өкілі қаулы барлығына ортақ екенін айтты. «Блогерлер жана қаулының күшіне енгенін білмедік деп ақталып жатыр. Соңғы қаулы осы айдың 14-і күні шыққан болатын. Ал концертті ұйымдастырушылар соңғы шыққан қаулыға сәйкес, бас қосатын жерлердің барлығы сенбі және жексенбі күндері жұмыс істемейтіндерінен хабарсыз болған. Жана қаулы күшіне енген күннің өзінде тойлар мен концертті ұйымдастыру тоқтатылады. Себебі үлкен іс-шараларға бұрыннан шектеу бар. Қазірдің өзінде 100-ден аса адам жиналған», — деді Бекарыс Бауыржанұлы.

ЖОСПАР ЖАСАҒАНДА ЭПИДЖАҒДАЙДЫ ЕСКЕРМЕГЕН БЕ?

Концерттің бас ұйымдастырушысы Дамир Арусов СЭБ рұқсат етсе, концертті ашық алаңда өткізуге болатынын соңғы минуттарға дейін айтып, жиналғандарды сабырға шақырды. «Біздің концерт екі ай бұрын жоспарланған. Ал жана қаулы кеше ғана күшіне енген. Біз кешті ұйымдастырып жатқанда қала жазып аймақта болды. Өкінішке қарай, қазір қала қызыл аймақта екен. Қаулы күшіне тез енеді деп ойламадық, карантин шаралары дүйсенбіден бастап күшіне енетін шығар деп сендік. Шыны айтсақ, дайын болмай қалдық. Алдыңғы қаулыда кешкі 11-ге дейін рұқсат етілген. Біз концертті ары кетсе екі сағатқа созып, кешкі 8-де аяқтауды жоспарлағанбыз. Көрермендердің ақсапқан концертті ұйымдастыруға жұмсап қойған едік. Енді қайтару қарастырылмайды. Өйткені карантин талаптары біткен кезде осы билеттерімен тегін кіргіземіз. Билетке шығындаған ақшалары күйіп кетпейтіндеріне кепілдік береміз. СЭБ-дан жауап келсе, жиналғандарға жағдайды түсіндіріп, кештің кейінге шегерілгенін айтамыз. Заңға қарсы шығатын ойымыз жоқ», — деді Дамир Арусов.

Бес сағат бойы мейрамхана маңына жиналған қала тұрғындары мен қонақтарын түнгі 11-де полиция бөлімінің арнайы жасағы өрен тарқатты. Ал ұйымдастырушылар мен ғимаратты жалға берген мейрамхана иелеріне қандай жауапкершілік жүктелетіні 2-3 күннен кейін белгілі болады. Концерттің басталуын күткен көпшіліктің арасында жастармен бірге алысты алқымдағандар да жүр. Тіпті, арнайы осы концерт үшін Атыраудан ат арытып келген Жумағұл есімді келіншек кіру білетінен бөлек жолақсыздың өзіне біраз ақша жұмсапты. Қалтасындағы қаржысына бола ауылдаған қонақтан «Ауру жұқтырып алуға қорықпайсыз ба?» деген сұрағымызға: «Танымал әншілер қатысатын болған соң күні бұрын билет сатып алып қойғанмын. Қаулыдан да хабарым болды. Қателеспесем, жұма күні жана қаулы күшіне енгенін естідім. Бірақ ұйымдастырушылар күні бүгінге дейін болатынына сендірді. Кеше хабарласып сұрағаныма концерт міндетті түрде өтеді деді. Сондықтан келдім. Аурудан Алла сақтасын», — деген жауап алдық. Бірақ сақтау үшін де саяқты шараларын қалың кешіне білетін бөлек жолақсыздың өзіне біраз ақша жұмсапты. Қалтасындағы қаржысына бола ауылдаған қонақтан «Ауру жұқтырып алуға қорықпайсыз ба?» деген сұрағымызға: «Танымал әншілер қатысатын болған соң күні бұрын билет сатып алып қойғанмын. Қаулыдан да хабарым болды. Қателеспесем, жұма күні жана қаулы күшіне енгенін естідім. Бірақ ұйымдастырушылар күні бүгінге дейін болатынына сендірді. Кеше хабарласып сұрағаныма концерт міндетті түрде өтеді деді. Сондықтан келдім. Аурудан Алла сақтасын», — деген жауап алдық. Бірақ сақтау үшін де саяқты шараларын қалың кешіне білетін бөлек жолақсыздың өзіне біраз ақша жұмсапты. Қалтасындағы қаржысына бола ауылдаған қонақтан «Ауру жұқтырып алуға қорықпайсыз ба?» деген сұрағымызға: «Танымал әншілер қатысатын болған соң күні бұрын билет сатып алып қойғанмын. Қаулыдан да хабарым болды. Қателеспесем, жұма күні жана қаулы күшіне енгенін естідім. Бірақ ұйымдастырушылар күні бүгінге дейін болатынына сендірді. Кеше хабарласып сұрағаныма концерт міндетті түрде өтеді деді. Сондықтан келдім. Аурудан Алла сақтасын», — деген жауап алдық. Бірақ сақтау үшін де саяқты шараларын қалың кешіне білетін бөлек жолақсы

Дабыл: «Талибан» Орталық Азия шекарасына жақындады



(Басы 1-бетте)

Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Түрлі деректерге сенсек, бүгінде Талибан қозғалысы Ауғанстанның аймақтарын басып алып жатыр. Қалалар әлі де үкімет бақылауында. Келесі кезек Қандағар провинциясына келгенге ұқсайды. Егер бұл өңір талибандықтардың қолына көшсе, онда Ауғанстан мен Пәкістан арасындағы шекараның басым бөлігін солар бақылайды. Сарапшылар «Талибанның» ел астанасы Кабулға шабуыл жасауы уақыт енішіндегі мәселе дейді. Түрлі болжамдар бойынша, Кабулға 5 мыңға жуық жетекші кіріп үлгерген. Олар негізгі күштің келуін күтіп отыр. Алайда Кабулда әлі де АҚШ

және басқа да елдердің азын-аулақ сарбаздары бар. Олар елшіліктерді, халықаралық ұйымдардың кеңселерін, әуежайды қорғайды. Былтыр жасалған Доха келісімі бойынша, Америка Ауғанстанда қалған 7 мың әскерін 2021 жылғы 1 мамырға дейін алып кетуі тиіс еді. Кейін бұл мерзім 11 қыркүйекке ауыстырылды. Қазір әскердің 95 пайызы шығарылған. Осы сәтті пайдаланып, Талибан қазіргідей нәтижеге жетті. Ал қыркүйектен соң ашық арпалыс басталағаны анық. Талибан қазірдің өзінде Кабулға шет мемлекеттерден (соның ішінде Орталық Азиядан) келетін қосымша көмек жолын жабуға тырысып жатыр. Егер олар бұл мақсатына жете, онда Ашраф Ғани басқаратын үкіметті биліктен оңай құлатуы мүмкін. АҚШ пре-

зиденті Джо Байден елінің 20 жылдық әскери операциясының жоққа шығып жатқанын, триллиондаған доллардың, 2 446 сарбазының өлімі зая кеткенін көріп тұрса да, былтырғы келісімді орындамақ. Әрине, Демократиялық партияның өкілдері қашанда соғысқа қарсы. Алайда кезінде Барак Обама да Ауғанстаннан әскерді толық шығаруға уәде берсе де, оны орындамады. Бәлкім бірден-бір себеп пандемиядан кейінгі әлсіреген экономика болуы мүмкін. Өйткені бұл елде әскер ұстау шығыны бірнеше миллиард долларды құрайды. Бірақ Ауғанстанда АҚШ-тың 7 мыңдай әскері қалған еді. Бұрынғы 90 мың сарбаз емес.

Алайда Қазақстанды қазір алаңдатып отырғаны Талибанның Орталық Азияның шекарасына тым

жақындауы. Жалпы, бұл қозғалыс жандықтар 2013-2014 жылдардан бері Тәжікстан, Түрікменстан шекарасы маңында қарулы қатығыстарға қатысып отырған. Бірнеше шекарашы да өлтірген. Алайда қазір жағдай күрделенді. Тәжікстан мен Өзбекстан өз армиясының әскери жағдайға көшірді. Тәжікстан шілде айының басында Ұжымдық қауіпсіздік келісімі ұйымынан (құрамында Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Ресей, Тәжікстан бар) көмек сұрады. Әзірге ұйым ресми түрде әскер жіберу туралы шешім қабылдаған жоқ. Тәжікстан территориясында Ресейдің 201-әскери базасы орналасқан. Бұл да Талибанға қарсы уақытша тежеуші күш болуы мүмкін. Бірақ Ұжымдық қауіпсіздік келісімі ұйымы Тәжікстан, Өзбекстан шекарасын Талибан қозғалысынан қорғау мақсатында қосымша әскер жіберу туралы шешім қабылдамақ, Қазақстан оған келісе ме, жоқ па, белгісіз. Өйткені 1995 жылы Тәжікстандағы Пшхавар шатқалындағы қалқығыста Қазақстанның 17 жауынгері қаза тапқаны әлі есімізде.

«Талибаннан» келетін келесі қауіп – Ауғанстан екінші Сирияға айналуы мүмкін. 1996-2001 жылдары бұл қозғалыс билікте болған кезде Орталық Азия елдерінің мыңдаған тұрғыны радикалды діни уағыз-насихатқа ұланып, шекара асқан еді. Ауған жеріне жетіп, қолына қару ұстап, түрлі радикалды ұйымдардың, партиялардың мүшесі атанды. Ол кезде интернет, әлеу-

меттік желі жок кезең болатын. Ал қазір талибандықтар жақтастар санын арттыру үшін ақпараттық технологияның сан әдісін қолдануы ғажап емес. Таяу Шығыстағы Сирияға 1 000-ға жуық қазақстандық аттанғаны ескерсек, онда «жұмаққа жылдам жету жолдары» жайлы уағыз алданып, іргеміздігі Өзбекстанның арғы бетіндегі ауған тауларына ауатындар көп болуы мүмкін. Егер олар белгілі уақыттан соң Отанына оралса, нағыз қауіп сонда туады.

Жалпы, қазіргі «Талибан» 2001 жылға дейінгі жіберген қателіктерін ескерген секілді. Иранда, Қатарда, Ресейде Ауғанстан үкіметінің өкілдерімен кездесіп, келіссөз жүргізді. Алайда пәлендей жетістікке жетпеді. Оған қоса, осы келіссөздерде өзге мемлекеттерге ешбір қауіп төндірмейтінін айтып, уәде берді. Бірақ қазірдің өзінде Талибан қозғалысы мемлекеттерге ешбір қауіп төндірмейтінін айтып, уәде берді. Бірақ қазірдің өзінде Талибан қозғалысы мемлекеттерге ешбір қауіп төндірмейтінін айтып, уәде берді. Бірақ қазірдің өзінде Талибан қозғалысы мемлекеттерге ешбір қауіп төндірмейтінін айтып, уәде берді. Бірақ қазірдің өзінде Талибан қозғалысы мемлекеттерге ешбір қауіп төндірмейтінін айтып, уәде берді.

Жалпы, АҚШ ауған жерін тастап кетпей жатып, Ауғанстан армиясы өз позицияларын жылдам әрі көптеп жоғалтып алады деп күтілген жоқ. Себебі оларды АҚШ-тың әскери инструкторлары жылдар бойы жаттықтырды, қарумен жабықтырды. Алайда соңғы қалқығыстарда ауған армиясы сарбаздарының Талибан, ДАИШ қатарына жазпай өтіп кету фактілері жиі кездескен. Мұны сарапшылар бірнеше фактормен түсіндіреді. Соның 40 жыл бойы соғыстан көз ашаған халық үшін аман қалу маңызды, оларды идеологиялық ерекшелік аса қатты бақыламайды. Оған қоса, АҚШ әскерилері жергілікті азаматтарды армияға өз ережесі, яғни келісімшарт жүйесінде дайындады. Бұл Ауғанстанда тиімсіз екені көрінді дейді.

Сонымен, 2001-2021 жылдар аралығында АҚШ пен НАТО коалициясы бастаған әскери операция тәмамдалмағандай. Бірақ сонша уақыт, қаржы, ресурс, құрбандық зая кеткендей. «Талибан» қайта билікке ұмтылып, ел басқаруын қолына алуға ұмтылып жатыр. Территориялық тең жартысы бақылауында. Ал енді келешекте олар билікке келсе, Орталық Азияға, соның ішінде Қазақстанға қатар төндіре ме? Төндірсе, қандай шара қабылдау керек? Төндірмесе, дипломатиялық қатынас орнатпаса ба, әлде бейресми байланыспен шектелімез бе? «Талибанды» тыйым салынған ұйымдар тізімінде қалдыра береміз бе? Қазір бізде жауабы жоқ осындай сұрақтарымыз көп.

МН 17 СОТЫ: ұшақты атқандар белгілі, ұсталған ешкім жоқ

Шілденің 17-сі күні Украинаның шығысындағы сепаратистердің бақылауындағы аймақта малайзиялық Boeing ұшағының құлағанына 7 жыл толды.

Амангелді ҚҰРМЕТ

ҚУАЛА-ЛУМПУРҒА ЖЕТЕ АЛМАҒАН ҰШАҚ

2014 жылғы 17 шілде күні Нидерланд астанасы Амстердамнан ұшып шыққан Malaysia Airlines компаниясының Boeing 777-200ER ұшағының бортында экипаж мүшелерін қосқанда 298 адам болған. Соның ішінде 80 бала бар еді. Куала-Лумпурға бет алған ұшақтың жолын бақылап отырған Днепрпетровск авиадиспетчерлік қызметі оны Ресейдің Дондағы Ростов қаласының авиадиспетчерлеріне тапсыруға 2 минут қалғанда ұшақ радар экранынан ғайып болады. Кейін оның «Бук» ЗЗК арқылы атып түсірілгені белгілі болды. Куәгерлер ұшақтың аспанда жарылып, жолаушылар денелерінің көктен құлағанын айтқан. Апатты зерттеген мамандар ұшақ тұмсығының маңына жарылған «Бук» зымыранының салдарынан бортың герметизациясы жойылды, адамдар 10 мың метр биіктікте бірден көз жұмғанын анықтады. Сөйтіп, көршілерге «жұмсақ күш» арқылы емес, бірден қокан-лоқы жасау тәсілімен ықпал етуді күп көретін Ресей билігінің Украинамен жанжалының кесірінен текетіресе ешқандай қатысты жоқ жүздеген азамат мерт болды. Жолаушылардың құрамында Малайзия, Нидерланд, Германия, Аустралия, Индонезия, Ұлыбритания, Бельгия, Жана Зеландия, Канада және Филиппин елдерінің азаматтары болды.

500 ШАҚЫРЫМ ЖЕРДЕН ӘКЕЛІНГЕН ҚАРУМЕН АТТЫ

Негізі, көптеген сарапшылар да, Гага сотында куәлік етушілер де МН 17 рейсін атып түсірген «Бук» ЗЗК Ресейден әкелінгені бірауыздан айтады. Кешен Курск қаласында орналасқан Ресей Әуе қорғанысы күштерінің 53 бригадасына тиесілі екені белгілі болды. 2014 жылы Украинаның шығысында сепаратистер мен үкімет әскері соғысып жатқан кезде ресейліктер кешенді Донбасқа жеткізген. Ал Курск пен Донбастың арасы шамамен 530 шақырым. Кешен Малайзия ұшағын атып түсірерден екі күн бұрын жеткізілген. Сепаратистер зымыран кешенінің көмегімен өздерінің тылына Украина қарулы күштерінің десант түсіруіне тосқауыл қоюды көздегенге ұқсайды.

Алайда кешенмен бірге жүруі тиіс радарды аймаққа апармаған. Сөйтіп, азаматтық ұшақты атып түсірді. Әрине, бұл оқиғаны әскери мамандардың қателігі деуге болар еді, бірақ кейбір жағдай оны «оқыс оқиға» деуге мүмкіндік бермейді.

Біріншіден, апаттан бірнеше күн бұрын, дәлірек айтқанда 2014 жылғы 1 шілдеде Украина билігі ұрыс болып жатқан аймақтың үстінен 7 900 метрге дейінгі биіктікте ұшақтардың ұшуына тыйым салды. 14 шілдеде 9 750 метрден төмен ұшуға шектеу қойылды. Ал Малайзия ұшағы 10 050 метр биіктікте ұшқан. Мұндай биіктікте азаматтық ұшақтардың ұшуына рұқсат етілген. Ал «Бук» 10 мыңдық межелегі нысандарды атып түсіруге қауқарлы еді. Әрі сол кезде ұрыста қолданылған Су-25 жойғыш ұшағы 7000 метрден биік ұша алмайтын. Сонымен бірге Халықаралық авиациялық ұшақтардың «әуе-әуе» сыныбындағы Р-33, Р-37 немесе Р-40 зымырандары ғана Воєіng-ке «Бук»-тай соққы бере алатынын анықтаған. Бұл зымырандарды МиГ-31 ұшағы ғана көтере алады. Ал ондай ұшақ Украина әскерінде жоқ. Сондықтан Су-25 ұшағының «әуе-әуе» сыныбындағы зымыранмен Воєіng-ті атып түсіруі мүмкін емес. Мұның өзі сепаратистердің қастандықты әдейі ұйымдастырғанын көрсетеді.

Екіншіден, кешенді 530 шақырым жердегі қаладан Донбасқа алып келу, 17 шілде күні Ресейдің Украинамен шектесетін аймағында FL530 эшалонынан немесе 16 000 метрден төмен ұшуға тыйым салынуы арандату мақсатына алын ала ойландырылғанын көрсетеді. Өйткені «Бук» 18 мың метр биіктіктегі нысанды атып түсіруге қауқарлы. Ал Киевтің шабуылдаушы ұшақтары жоқ сепаратистерге қарсы 10 000 метрден биікке ұша алатын МиГ-29 тәрізді ұшақтарды пайдаланбасы анық.

Үшіншіден, сепаратистер алдымен МН 17-ні Украина әскері атып түсіргенін мәлімдеді. Яғни украиналық Су-25 ұшағы Воєіng-ті атып түсірді-мыс. Алайда Су-25-тің 10 мың метрге шыға алмайтыны белгілі болғанда сепаратистер мен оларды жақтаушы Мәскеу билігі «Бук» Украина әскерінің екенін ала тартқан. Бірақ олар атаған Зарошенское елді мекені сол кезде сепаратистердің бақылауында еді. Әрі сепаратистерге қарсы «Бук» ЗЗК қолданудың қажеті жоқ. Шабуылдаушы ұшақтарға қысқа қашықтыққа арналған зениттік кешендер де жарайтын. Қысқасы, ма-

лайзиялық ұшақты сепаратистердің Ресей қаруымен атып түсіргені айдан анық болды. Бірақ Мәскеу де, Донбастағы сепаратистер де оны мойындағысы жоқ.

«ҚЫРЫҚ КІСІ БІР ЖАҚ, ҚЫҢЫР КІСІ БІР ЖАҚ»

МН 17 ұшағын атып түсіру Украинаға қарсы ұйымдастырылған гибридік соғыс амалдарының бірі болғанын бүгінде көптеген сарапшылар ашық айтып жүр. Шамасы, Қырымда «жасыл адамдардың» күшімен референдум өткізген Мәскеу Донбаста азаматтық ұшақты атып түсіру арқылы Киевті әлемдік қауымдастықтың алдында кінәлі етуді көздеген секілді. Алайда ЖТ тобына кіретін елдердің мамандары Гаагадағы сотқа нақты айғақтар ұсынды. Олардың арасында сепаратистер жетекшілерінің өзара телефонмен сөйлескен сәттеріндегі дыбыс жазбалары да, АҚШ жер серіктерінің суреттері де бар. Тек америкалық әскерилер жау серігін түсірілген суреттердің көпшілікке жария болғанына қаламай ма қайдам, өйтпей ешбір масс-медиа аталған дәлелдерді ашық жариялаған жоқ. Ал Гаагадағы сот әзірге сепаратистік «Донецк халық республикасы» деп аталатын заңсыз құрылымның «қорғаныс министрі» Игорь Пиркинді, оның қол астында жұмыс істеген ресейлік отставкадағы генерал Сергей Дубинскиді және Олег Пулатов деген азаматты айыпты санап отыр. Сонымен бірге малайзиялық ұшақты атып түсіруге қатысқан украиналық Леонид Харченко да айыпталғандардың қатарында. Алайда бұлардың ешқайсысы Гаагадағы сотқа келген жоқ. Тек О.Пулатов бейнежазба арқылы өзінің оқиғаға қатысы жоқ екенін айтып, адвокаттың бірқатар сұрағына жауап берген. Ал «Бук» ЗЗК-нің бұрын қайда орналасқанын сұраған соттың өтінішіне Ресей тарапы жауап та бермеді. Бірақ айғақтардың барлығы Украинаның шығысында болған апатқа тікелей Ресейдің қатысы бар екенін көрсетіп отыр. Әзірге зымыран кешенінің экипаж құрамы ғана белгісіз. Дегенмен ұшақты атып түсіруге «Бук» ЗЗК құрамына кіретін барлық қолықтар қатыспағаны белгілі болды. Командылық басқару машинасы да, РЛС те, қаруды оқтайтын қосалқы көлік те Донбасқа келмеген. Яғни, төрт көліктің біреуі ғана 2014 жылғы 17 шілде күні Донбаста болыпты. Алайда Мәскеу мұндай айыптаулардың ешқайсысын мойындамағанын да белгілі болды. Өрі халықаралық құқық, сот жүйесі, келісімдер дегенге пысықырып та қарамайтын байқатты. Қыңырлығынан танар емес.

Куба халқы да көшеге шықты

Жаһанда тағы бір мемлекет төңкерісті жағдайды бастан өткеруде. Әлемдік ақпарат құралдары Кубадағы саяси ахуал тез күрделеніп бара жатқанын хабарлайды. Осыдан он күнде бұрын «Бостандық аралында» коммунистік билікке қарсы наразылық бұрқ еткен еді. Соңғы рет мұндай кең ауқымды бұқаралық қарсылық 30 жыл бұрын болыпты.

Яихан ШӘРІП

Жаңа шеру 11 шілде күні Сан-Антонио-де-лос-Баньос және Пальма-Сориано қалаларында бейберекет түрде басталды. Оған жүздеген адам ғана қатысқан. Өткен ғасыр соңында ұйымдастырылған наразылық шараларынан басты айырмашылығы сол, бұл жолы демонстрациялар туралы жалдық мобильді интернет және әлеуметтік желі арқылы ел арасына тез таралды. Осылайша, заманауи технологиялар толқулардың күрт күшеюіне серпін берген. Митингтер 10 муниципалитетті қамтыды.

Ел астанасы Гавананы және бірқатар ірі қалаларды мындаған адам қатысқан наразылық акциясы, көше шеруі дүрбелең түсірді. Ресми үкімет бұған АҚШ-ты және империалистік батысты, сондай-ақ мафияны айыптады. Ал қарсылық шараларына қатысушылар коммунистік режимнен шаршағандарын ашық айтып, бостандық пен демократияны талап етуде. France-Press (Франс-Пресс) агенттігінің хабарлауынша, демонстранттар көтерген транспаранттар арасынан «Диктатура жойылсын!», «Біз қорықпаймыз!» және «Отан және өмір!» деген ұрандарды байқауға болады. Соңғысы Куба компартиясының «Отан не өлім!» (Patria o muerte) деп келетін милитаристік ұранына қарсы бағытталған болса керек.

Кубаның қазіргі президенті Мигель Диас-Канель АҚШ-ты, Батысты және кубалық-америкалық мафияны «аралдағы ахуалды тұрақсыздандыруда» деп айыптады. Өз кезегінде Вашингтон Кубадағы тұрақсыздыққа қатысын жоққа шығарып, мұны «үлкен қателік» деп атады. Президент Диас-Канель шұғыл телеүндеуінде барлық коммунисте көшеге шығып, үкіметке қолдау білдіруге, наразыларға тойтарыс беруге шақырды. Оның айтуынша, революцияшы қорғайтын кез келді. Reuters агенттігінің мәліметінше, Гаванаға зендіркермен жаракталған күш құрылымдарының техникасы кірген.

Негізі, кубалықтар мемлекетке қарсы шығуға бейіл емес. Мұндай ірі наразылық шаралары әлгінде айтылғандай, тек 1990 жылдардың басында өтті. Одан кейінгі ке-

зінде Куба халқы «сыртқы жауларға» қарсы билікпен тастүйін ынтымақтастық пен ортақ күреске дайындығын паш етіп келді. Сондықтан осы жолы төзімтеніп табылған кезеңге тапшылығы болмаған болжап, саясаттанушылар мен сарапшылар бас қатырды.

Кубадағы митингтерде жария етілген басты талаптың қатарында «коронавирус пандемиясымен күресте пәрменді, батыл қимылдар жасау» айтылды. Сарапшылар наразылықтың күшеюіне де COVID-19 індетінің күн таралуы түрткі болғанына назар аудартады. 11,3 миллион тұрғыны бар Кубада осы кезге дейін ресми мәлімет бойынша 300 мыңға жуық адам КВИ дәлтімен ауырған. Дегенмен нақты қанша адамның ауру жұқтырғаны белгісіз. Оның үстіне бұл сан күн сайын ресми түрде 6 мың адамға артып отырады.

Көшеге шыққан адамдар биліктен вакцинациялау қарқынын еселеп арттыруды талап етті. Он күн бұрын Куба Abdala 2 атты төл вакцинасын мақұлдап, өндіріске жіберді. Жергілікті ғалымдар мен мемлекеттік билік оны «әлемдегі 100 пайыз тиімді жалғыз вакцина» деп дәріштеуде. Бірақ оны Дүйнежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өкілі қойған жоқ. Қалай болғанда, Abdala 2 – Латын Америкасы мен Қариб бассейні елдері аймағында жасалған тұңғыш ковид-вакцина. Ресейдің де, батыстың да көмегінен бас тартқан Куба билігі өзінде әзірленген қос вакцинаға арқа сүйеуге шешім қабылдады. Бүгінде КВИ-ге қарсы екпе миллионынан аздамағана жеткен. Елдегі ең танымал хэштегтер – #SOSCuba және #SOSMatanzas. Осы белгімен жазба қалдырғандар халықаралық гуманитарлық көмек пен вакцина сұрауда.

Әрине, ел наразылығының түп-төркінін тек пандемиямен шектес тастауға болмайды. Халықаралық сарапшылардың пайымдауынша, Кубада проблемалар жылдар бойы қордаланып, күрмеулі түйінге, тұтас кешенге айналған. Оған елде туындаған электр қуатының тапшылығы, азық-түліктің қымбатшылығы қосылып, ауыртпалықты үстемелей түсті.

«Мені көшеге аштық, дәрдәрмектің жетіспеуі, электр берудегі үзілістер шығарды. Өйткені бізде қазір барлығы дефицит. Біз тубегейлі өзгерістерді қалаймыз»

үкімет ауыссын, адал сайлау өтіп, көппартиялы жүйе орнасын, коммунизм құрысын» деп пікір білдірді The Guardian тілшісіне қарсыласушылардың бірі.

Республика жағдайын пандемия тіптен нашарлатты. Ел экономикасын қуаттандырып келген туризм өбден тұралалды, сол арқылы елге құйылған валюта сұйылды. Туристерге қызмет көрсетуге тартылған миллиондаған тұрғын жұмыссыз қалды. Баға 900%-ға өскен! Кейбір қалада үкіметтің қолдауымен «валюталық дүкендер» пайда болды, олар жергілікті валютаны қабылдамайды, бірақ азаматтар қолында доллар тым аз.

Халықаралық қатынастар сарапшысы, профессор Виктор Хейфецтің байламынша, Кубадағы билік тақтан таяды деуге ерте.

«Біз ресми билікке қарсы көтерілген күштердің нақты ауқымын, қуатын білмейміз. Бұл ретте қалыптасқан жағдайға көңілі толмайтын адамдар билікте де, күш құрылымдарында да бар екеніне күмән келтірмейміз. Олар бұрыннан бар. Мезгіл-мезгіл билік өкілдерінің, генералдардың бірі шекара асып, шетелге қашып жатады. Кубада оппозиция алғуаз және жете құрылымданбаған. Бірақ бұқараның бейберекет қарсылығы жағдайды тез өзгертіп жіберуі мүмкін. Әзірге коммунистік биліктің қуаты жеткілікті және жағдайды бақылаудан шығармай, ұстап отыр», – деді В.Хейфец.

Өткен ғасырдың 40-жылдарынан бері Бостандық аралының басты одақтасы болып келген Мәскеу қазір серіктесіне еш көмек бере алмай отыр. КСРО мұрагері саналатын Ресей Кубаның ескі қарыздарын кешіргеннен басқа салмақты қаржылық қолдау көрсете алмады.

Кубадағы жаңғыруларға ұмтылысты америкалықтар қызу қолдады: 2 миллионға жуық кубалықтар шоғырлана тұратын АҚШ-тың бүкіл шығыс жағалауындағы қалаларда – Нью-Йорктен Флоридаға дейін «Бостандық аралындағы» қарсылық шерулерін құптаған, мыңдаған адам қатысқан митинг өтті. Дүйсенбіде Ақ үй де Джо Байденнің Кубадағы коммунистік режимге қарсылық білдірушілерге қолдау көрсеткен мәлімдемесін жариялады.

Бүгінде Кубадағы наразылық акцияларын билік қатал басып-жаншуда. Осы орайда кейбір америкалық саясаткер көрші елге интервенция жасауды ұсынды. Вашингтон бұл бастаманы құптамады. Қалай болғанда, өз елінің тағдырын кубалықтардың өзі шешкени жөн.

Атауы ауыспаған ауылдар...



Теріскей аймақта күрежолдың бойымен келе жатқанда Николаевка, Петровка, Астраханка, Тамановский, Бугрово, Андреевка, Дмитриевка, Ленинский, Комсомольский, Интернациональный, Кривошеково, Сухо-рабовка, Краснознаменка, Боголюбово, Благовещенка, Пролетарка деп жалғасып кете беретін атауларды оқығанда азаттық алғаннан бергі 30 жылда әлі де түйіні шешілмеген мәселе көп екеніне көз жетеді. Солтүстік Қазақстандағы жер-су мен елді мекендердің тарихи атауларының қайтарылмауына кім кінәлі? Топонимдерге келгенде неге салғырттық таныттық?

Роза ШӘКЕН

ОВКАЛАРДАН КӨЗ СҮРІНЕДІ

Көңілге қаяу түсіретіні сол кенес заманы кезінде қолдан жасалған китүрқы саясаттың салдарынан қаншама елді мекендер ұлттық ренкі бар атаулардан көз жазып қалды. Көптеген атаулар

орынсыз бұрмаланып, тарихи-мәдени мәнінен жұрдай болды. Пулеметовка, Конохово, Дашка-Николаевка, Ильичевка, Комсомолец, Коммунизм, Октябрь, Тахтоброд сияқты бей-берекет атаулар қазақтың болмысы мен табиғатына үйлеседі деп айта аламыз ба?

Солтүстік Қазақстан облыстық Мәдениет, тілдерді дамыту және

архив ісі басқармасы ономастикалық жұмыс және көрнекі ақпарат бөлімінің басшысы Ернияз Сұлтановтың айтуынша, бүгінде өңірдегі 13 ауылдық округтің, 33 ауылдың және 200 көшенің атауы идеологиялық тұрғыдан ескірген. Бірақ оларды ұлттық сана-сезімге сәйкестендіріп жаңғырту үшін жергілікті жерлерде аудан басшылары халық арасында үгіт-насихат, түсіндіру мақсатында жүйелі түрде жұмыс жүргізуі тиіс. Өкінішке қарай, әзірге олай болмай отыр. Тіпті, облыстық мәслихат шешімімен биыл ақпан айында өзгертілген атауларды да бұрынғысынша жазып жүрген басшыларға не дерсіз?! Мәселен, жетінші шақырылған облыстық мәслихаттың кезектен тыс екінші сессиясының шешімімен биыл Ақжар ауданындағы екі ауылдың, Мамлют ауданындағы бір ауылдың

атауы қазақшанды: Киевское – Кіші Қарай, Коммунизм – Баймырза, Ленин ауылы Бике деп қайта аталды. Сонымен қатар Ақжар ауданына қарасты Новосел ауылдық округі Үлкен Қарай аталатын болды. Сондай-ақ Ернияз Сұлтановтың айтуынша, биыл облыс аудандарында 200-ден астам көше қайта аталды. Дейтұрғанмен шын мәнісінде ескі атаулар өзгертілді деп айта алмаймыз. Мәселен, Мамлют ауданындағы Ленин ауылы қағаз жүзінде әлі солай аталып жүр. 25 шілдеде өтетін ауылдық округ әкімдерінің сайлауына арналған құжаттардың барлығында Ленинский ауылдық округі деп жазылған. Мұның себебін сұрағанымызда, Ернияз Сұлтанов ауданның кемшілігі деп түсіндірді. Ал аудандағылар әлі қағаз жүзінде құжаттардың дайын емесін алға тартты.

Тәуелсіздіктің елең-алаң шағында да атауы өзгертілген елді мекендер мен көшелердің құжаттары жылдам әзірленуші еді. Қазіргідей азаттығымыз нығайған тұста бұл жұмысты жүргізуге не кедергі?

ҰЛТТЫҚ ЗЕРДЕГЕ ЖАСАЛҒАН ҚИЯНАТ

Жалпы, егемендікке ие болған Солтүстік Қазақстан облысындағы 13 ауданның аты қазақшанды. Ұлт мақтаншы Мағжан Жұмабаев, Шоқан Уәлиханов, Ғабит Мүсірепов, Жамбыл Жабаев, Шал ақынның есімдері аудандарға берілді. Тек біреуінің аты ғана, басқасының фамилиясы ғана берілген. Бұл істе бірізділік жоғы – бөлек әңгіме. Біздің айтатын дегеніміз, Тимирязев ауданындағы академик жазушы Сәбит Мұқановтың есімін беру туралы көтерілген бастама аяқсыз қалғаны. Аудандық мәслихат пен әкімдіктің біріккен шешімі ономастикалық комиссия тарапынан қолдау тауып, республикалық ономастикалық комиссияның оң қорытындысы шығарылғанымен, тұрғындар жақсы жаңалықты әлі күнге дейін күтіп елендеп отыр. Ономастикалық жұмыс және көрнекі ақпарат бөлімінің басшысы Ернияз Сұлтановтан сұрап білгеніміздей, алдымен карантин шаралары кедергі келтіріп, кейін халық санағына байланысты кешеуілдеген. Ал енді Президент Әкімшілігі рұқсат бермегенге ұқсайды.

Зиялы қауым өкілдері сонымен қатар облыс және аудан орталықтарындағы Ленин, Чапаев, Киров, Фурманов, Буденный сияқты көшелерді қайта атау мәселесін көтеріп жүр. Ескірген атауларды ауыстырған кезде республикалық ономастика комиссиясы бекіткен 345 белгілі есім мен 380 жер-су атынан құрылған тізім бағдарға алынатын болады.

«Солтүстік Қазақстан облысының топонимдері» ғылыми еңбегінің авторы, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивнің директоры Сәуле Мәлікова өңірдегі қазіргі барлық орысша аталып жүрген елді мекендердің бәрін қазақша атауы болғанын айтады. «XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастап келген қоныс аударушылар барлығын орысшаға ауыстырып жіберген», – дейді. Оның пікірінше, бұл үрдіс кеңес дәуірінен бұрын да болған. «Солтүстікте жер-су атауларының орынсыз өзгеруі шамамен осыдан 230-250 жыл бұрын басталған болатын. Отарланған елді мекендердің қазақша атауларын орысшаға айналдыру туралы әскери губернатор Г.Меньшиковтің бұйрығы 1774 жылғы 1 қаңтарда

орындала бастады», – делінген ғалымдардың еңбегінде. Осылайша, Ақжар – Покровкаға, Арқалық – Андреевкаға, Қосағаш – Новомихайловкаға, Түлкіойнак Святодуховкаға айналса, Кіндікті – Оседлое, Қоржынкөл – Спассовка, Бақырлыгет Петровка деп аталып кеткен қалпынан әлі таймай, отарлау саясатының ескерткішіндей болып қалып отыр.

Облыс мектептеріне енгізілген «Әлкетану» оқулығының және «Солтүстік Қазақстан облысының топонимдері» ғылыми еңбегінің авторларының бірі, Қазақстан жоғары мектебі ұлттық ғылым академиясының академигі, филолог, көрнекті ғалым, профессор Зарқын Тайшыбай: «Өзге ұлттар келген бетте жер-су атауларын күшпен өзгертіп отырған. Бұл – халықтың санасын шатастырып, қазақтың есімі елес дегенге әкеліп тіреу. Бір рудың, бір атаның балалары бірін-бірі танымай суысып кетуі үш жылдан астам», – дейді.

Қос ғалым да қазақ халқы топонимдерді аспаннан алып қоя салмағанына көз жеткізгендерін айтады. «Жер-су атаулардың көбі жердің түсіне, бердіне қатысты, басқасы сол жердің пайда-зияны туралы болса, елді мекендер негізінен сол елдің, рудың беделді азаматтарының атымен аталған», – дейді олар. Бүгінде сол тарихи өлділікті қалпына келтіретін кез келді. Ел болашағын ойласақ, китүрқы саясаттың шырғауынан құтылып, тарихи атауларды қайтаруымыз абзал. Қазақ жеріндегі ата-бабаларымыздан қалған елді мекендердің атаулары тарихи құжат іспеттес. Ендеше, ұлттық зердеге жасалған қиянат кейінгі ұрпақтың да санасын ұландырмауын ойлаған жөн.

Солтүстік Қазақстан облысы

Құрбан айт: мал бағасы қанша?

Исі мұсылман халқы үшін қасиетті саналған Құрбан айт та келіп жетті. Әлемдік пандемия жағдайында қызыл аймақтағы өңірлер құрбандықты онлайн шалып жатса, Жамбыл облысында құрбандықты үйде немесе мешітке шалуға мүмкіндік берілді. Алайда құрбандық малының құны қанша? Баға әккі әдетіне салып, бұлқынып кеткен жоқ па?

Саятхан САТЫЛҒАН

Негізі, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының басшысы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Құрбан айт қарсаңында көсіпкерлерге үндеу жолдаған болатын.

«Ұлық күнде ісі мұсылман баласы шынайы ниетпен құрбан шалып, құрбандық етін мүгедектер мен жетімдерге, көпбалалы отбасылар мен қарттарға таратып, алғысын алуға тырысады. Адамның алғысын алып, батасына бөлену – сауапты істің бірі. Халқымыз «Алғыс алған арымас. Бота алғанша бата ал» дейді емес пе? Құрбан айтта орындалатын негізгі ізгі амалдың бірі – құрбан шалу. Өйткені ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Адам баласы құрбан айт күні құрбан шалудан өзге амалымен Аллаға жақындалған емес...» дейді.

Демек, Құрбан айт күні Аллаға ұнамды әрі ен сүйікті амал – құрбан шалу. Айт күндері халық тарапынан мал сатып алуға деген сұраныстың арта түсетіні белгілі. Осы ретте еліміздегі барша шаруа қожалықтарының қожайындарын ұлық мейрам – Құрбан айтың құрметіне мал құнын шарықтатпай, халыққа онтайлы бағаны ұсынуға шақырамын.

Сонымен қатар барша кәсіпкерлерді тұрғындар күнде тұтынатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасына мүмкіндігінше жеңілдік жасауға үндеймін», – деген елді бас мүфти.

Осыған орай өткен жексенбіде мал базарына барып, төрт түліктің құнын көзбен көріп қайттық. Шыңдығы керек, биыл өңірлерді қуаңшылық жайлағандықтан «мал бағасы арзандайды» деп көпшілік болжаған. Сондай-ақ байланған семіз малды табу қиынның-қиыны екені де айтылған. Алайда Жамбыл облысында жайылым жақсы болғандықтан ба әлде Құрбан айтқа қожалықтар ертеден қамданғандықтан ба, жексенбілік мал базарында сатушылардың да, сатып алушылардың да қарасы қалың болды. Құрбандыққа негізі ірі кара мен ұсақ мал шалынатындықтан сауданың көркі осы маңда қызды. Сияр бағасы жасына қарай 150-250 мың теңге аралығында сауда-

ланып тұрса, тоқтыны 35, саулықты 60 мың теңгеге алуға болады. Құрбандыққа 1 жастан асқан қойларды шалу парыз етілгендіктен саулықтар тез өтіп кетіп жатты. Білетіндер малдың семіздігіне ғана емес, дене жаракатының жоғына, ауру-сырқаудан амандығына мән беріп алып жатты.

– Базар болғаннан кейін саудаласу болады. 60 мың теңге деп жатқан қойлар түске қарай 50 мың теңгеден беріліп жатыр. Денесі ірі 6 айлық тоқтыларды да құрбандыққа шалуға болатындықтан мұнда да сауда жақсы жүріп жатыр. Негізі, малдың денін алыпсатарлар алып, кейіннен үстіне 5-10 мың теңге қосып саудалап жатыр. Кешке дейін әлі көп адам келетініне сенімдіміз. Өйткені таңертеннен базарға ағылып жатқан халық көп.

Әрине, мұсылман қауымы үшін қасиетті саналатын Құрбан айтқа бағаны барынша қымбаттатпауға тырысып жатырмыз. Алайда әркімнің күн көрісі болғандықтан пайда таппай тағы болмайды, – дейді Арман есімді саудагер.

Шаруалармен тілдескенімізде базарға ұсақ мал әкелгендерін



тама қағазын алдым. Ең бастысы алдымағы төрт түлігін тұрғындарға адалынан барсын деймін, – дейді Жамбыл ауданынан келген Жандос есімді шаруа.

Айт күндері мал базары жұмыс істемейтіндіктен жексенбіде жұрттың құрбандыққа төрт түлік іздегені түсінікті. Алайда құрбандық малын интернеттен де табуға болады. «Құрбандық малын сатып алу» немесе «мал сатып алу» деп Google-ге жазсаңыз мал сататындардың тізімінен көз сүрінеді. «Құрбандық малы! Семіз!» деген жарнама бойынша хабарласқанымызда Әлішер есімді жігіт телефон тұтқасын көтеріп, тек ұсақ мал сатып жатқанын айтты. Бағысы 45-70 мың аралығында. Байқап тұрсаңыз, базардағы бағадан 5-10 теңгеге қымбат. Бірақ

ыныздысы видеосеп келеді. Ал ең маңыздысы – қасапшы ПТР-тест тапсырғаны туралы анықтама ала аласыз. Нұр-Сұлтан қаласында қой 70 мың теңге болса, ірі кара – 420 мың теңге. Алматыда да қой 70 мың теңгеден саудаланса, сияр құны 371 мың теңге болып бекітілген.

Бұл жүйе Жамбыл облысында да қолданылып жатыр. Qirban2021.kz сайтына кірсеніз «Онлайн құрбан шалу: Өңірлерде мал бағасы қанша?» деген хабарландыруда Жамбыл облысында қой – 60 мың, ешкі – 40 мың, ірі кара – 350 мың, түйе 700 мың теңге деп көрсетіліп тұр. Онлайн шалынған құрбандық малының етін өзіңіз ала алмайсыз. Ол бекітілген тізім бойынша мұқтаж жандарға таратылады.

– Құрбан араб тілінде «жақындау» дегенді білдіреді. Яғни, жасаған сауап арқылы жүректі тазартып, Жаратқанға жақындай түсу. Құрбандық шалу тек мал бауыздаумен ғана шектелмейді. Онда адамның ішкі ниеті, шын пейілі, басқаларға жанашырлығы таразыға түседі. Сондай-ақ пенденің сарандығы мен жомарттығы да сыналады. Шалынатын құрбандық малының бағасы да тапсырыс берушіге тиімді. Биыл ірі кара – 350 мың, ешкі – 60 мың, ешкі 40 мың теңге болып бекітілген.

Құрбан айт намазы биыл мешіттерде оқылмайды. Ал мал союға арнайы орындар әзірленген. Сойылған мал еті онлайн жасалған тізім бойынша көпбалалы отбасылар мен жетім-жесірлерге таратылады, – дейді облыстық «Иба-тулла-Тарази» мешітінің наиб имамы Ержан Аманбаев.

Иә, қасиетті айда Құрбан шалып, сауап жинауды бұйыртыңыз! Төрт түлікті үйде сойып ниет етсеңіз де, онлайн тапсырыс берсеңіз де, ең бастысы Аллама қабил етсін деп тілейміз!

Жамбыл облысы

Өткен аптада Атыраудағы «Дина» базарында вакцинаның екінші компонентін алған шетелдік азаматқа қатысты мән-жай анықталды. Шетел азаматы Атырау қаласындағы №3 ауруханада корона-вирусқа қарсы вакцинаның бірінші компонентін салғызған 22 жастағы Өзбекстан азаматы өтерік талып, құрысып-тырысып шу шығарған. Кейін оның вакцинаға қарсы пікір қалыптастыру үшін шу көтергені белгілі болды.

Қиғылық салғандар қамауға алынды

Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ

№3 қалалық емхана меңгерушісі Айман Өтегенова «тәртіп бұзушыны жауапқа тартуға қатысты Полиция департаментіне арыз жолдаймыз» деген болатын.

Атырау қалалық Полиция басқармасы бастығының бірінші орынбасары Е.Бигамбаевтың айтуынша, дәрігерлердің арызы қабылданды, медицина қызметкеріне дөрекілік танытып жұмысына кедергі келтірген Өзбекстан Республикасының азаматына қатысты Әкімшілік құқық-бұзушылық туралы кодекстің 434-бабы (ұсақ бұзақылық) бойынша хаттама толтырылып, шетел азаматы мен жұмыс беруші І құн қамауға алынған.

Өзбек азаматының аяқ-қолы құрысып жанталасқанын көріп оған көмекке келген қала тұрғыны Мұхтар Әулетовтың

айтуынша, вакцина алған азамат шынымен де талықсып, қол-аяғы сіресіп қалған. «Ұят кой, өтерік емес. Оның аяқ-қолын уқалау кезінде өз-өзіне келіп, қайта талықсып кеткені рас. Болғанды болды деп шындықты айту керек. Қайта-қайта жедел жәрдем шақырдық, олар хәлі нашар жігітті алып кетті», – деді күзгер.

Алайда №3 емхана дәрігері Айгул Үсенбаева: «Екпеден сон дәрігерлер бақылауында болды. Вакцина алды деген анықтама сұрады. Кейін өзінің жұмыс берушісі ертіп келіп шу шығарды. Вакцина паспорты ертен дайын болады деп айттық. Алайда вакцина алуға келгендерге «Бұл жерде вакцина алмаңыздар» деп үгіттеді», – деді.

Сайып келгенде, Өзбекстан азаматының аяқ-қолы құрысып жатуын вакцина алуға қарсылық деген мәселемен полицияға ешкім арызданбаған.

Атырау облысы





Әскери нышандар күні аталып өтті

Қазақстан Қарулы Күштерінде әскери нышандар күні алғаш рет аталып өтті.

1996 жылғы 18 шілдеде «Қарулы Күштердің әскери нышандары туралы» Қазақстан Президентінің Жарлығына қол қойылды. Әскери нышандар – бұл әскердің ажырамас бөлігі, атрибуттар.

«Қазақстанның әскери нышандарына Қарулы Күштердің нышаны (эмблемасы), туы мен жалауы, Құрлық әскерлерінің, Әуе қорғанысы күштері мен Әскери-теңіз күштерінің тулары, әскери бөлімдердің жауынгерлік тулары жатады. Қазақстан Қарулы Күштерінің нышаны мемлекеттік тиесілігін және қол сұғылмаушылығын айқын бейнелейді.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Ол өткеннің дәстүрлерімен ұштастыра отырып, тәуелсіз Қазақстанның құндылықтарын көрсетеді. Атап айтқанда, Қарулы Күштер нышаны – шеттері алтын түсті нұсқамен жиектелген бес бұрышты жұлдыз. Жұлдыздың ортасында шұғылалы күн және оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген» делінген хабарламада. Әскери күштер түрінің тулары Қазақстан әскеріне тиесілікті және әскери ұжымның бауырластығы мен бірлігі идеясын білдіреді.

Биыл Қазақстан Қарулы Күштерінде бірқатар күндер мерекелер мен атаулы күндер алғаш рет атап өтелуде. Олар Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы бұйрығымен бекітілген.

Ұлы даланың ұландары Олимпиадада топ жара ма?

Осы жолы 4 жылдықтың басты додасының талабы мен тәртібі, сәні мен салтанаты басқа Олимпиада ойындарынан өзгеше. Ұйымдастырушылардың бұрын-соңды болмаған ең инновациялық Олимпиада жасаймыз деген уәдесін былай қойғанның өзінде корона-вирустың кесірінен көптеген шектеулер мен қатаң талаптар қойылатыны түсінікті. «Технологиялық алпауытқа» айналған мемлекеттің өз мүмкіндігін пайдаланып, инновациялық Олимпиада өткізе алатынына ешкімнің күмәні болмаса керек. Әрі олар мұны не нәрседе де аста-төкке жол бермейтін жапондық минимализммен шебер ұштастыра білетініне де шүбә жоқ. Тек соның бәрі қалың жұрттың қатысуынсыз, көрерменнің назары мен қошеметінсіз өтетіні ғана өкінішті.

ҚАЗАҚСТАН СПОРТШЫЛАРЫ – ТОКИОДА

Қазақстаннан аттанған алғашқы делегация Күншығыс еліне 17 шілдеде келді. Оған дейін аптадан аса уақыт Алматыда карантинде болып, күнделікті ПТР-тест тапсырдық. Карантиннің қатаң талаптары Токиода жеткен соң да толастамады. Өүедегі жеті сағаттық жолды арта тастап, Жапония астанасына жергілікті уақытпен сағат 09.15-те (Нұр-Сұлтан уақыты 06.15) жеттік. Токиода табанымыз тие салысумен әуежайда, Sotetsu Grand Freza қонақүйінде бірнеше рет ПТР-тест тапсырып, тағы үш күнге карантинге жабылды. Әрине, мұның барлығы – өзіміз үшін, қоғам үшін және үлкен долада сынға түсетін спортшыларымыздың қауіпсіздігі үшін жасалып жатқан шара. Сондықтан қатаң талап пен тәртіпке бағынып, тіпті оған ештеңе етпей үйреніп те қалғандай.

Токиодан шығысқа қарай 75 шақырым жердегі Нарита қаласында орналасқан «Нарита» халықаралық әуежайының өзі құтты бір алып шаһардай. Мұнда әрбір алам қатаң бақылауда болады екен. Құжаттарымызды тексеріп болғанша төрт сағаттан аса уақыт кетті. Бірақ барлығын бүге-шігесіне дейін түсіндіріп, баратын жеріне сонына дейін аппараты көмектесіп тұрған әуежай қызметкерлері мен волонтерлері жоғары деңгейде қызмет көрсетті.

Қазақстаннан барған ақпарат құралдарының өкілдерін Жапонияда бірнеше жылдан бері тұратын Әбдіқадыр деген қандасымыз күтіп алды. Күншығыс елінде дәрігер болып қызмет ететін Әбдіқадыр бауырымыз бізбен бірге төрт сағаттан аса әуежайда болып, тілмаш қызметін атқарды. Әуежайдағы толасыз тексерістен кейін, Sotetsu Grand Freza Tokyo қонақүйіне біздерді өзі бастап барды.

ЖАПОНДАРДЫҢ «ЖОЛЫ АУЫР МА?»

Қош, сонымен «Токио-2020»-ның басты ерекшеліктеріне тоқталмай тұрып, аз-кем шетіне жасап көрсек. Тарихқа үңілесек, Жапония-



Еркебай ДУСБЕКБАТОВ

ның «жолы ауыр ма?» демесіңіз де, «не сыры бар екен?» деген сұрақты еріксіз қоясыз. Себебі осы елде өтетін Олимпиадаға әйтеуір бір кедергі шыға қалатыны бар. Осы жолы Токио-2020 додасы коронавирустың кесірінен кейінге шегерілсе, Күншығыс елінің астанасына бұған дейін белгіленген үш Олимпиада да өз уақытында өтпеген.

1940 жылы Жапония бірден екі Олимпиаданы өткізу құқықын иеленіп еді. Сол жылы Токиода – жазғы және Саппорода – қысқы Олимпиада өтуі керек-тұғын. Алайда осы аралықта Жапония мен Қытай арасында соғыс жүріп жатқандықтан, Күншығыс елі соғыс қимылдарын жүргізуге күш керекін алғартып, Олимпиаданы өткізуден бас тартты.

Сосын 1964 жылы жазғы Олимпиаданы өткізу құқығын Токио тағы жеңіп алды. Бірақ дүбірлі дода бұл жолы да белгіленген уақыттың ішінде өтпеді. Басты себеп – ауа райы. Шілде-тамыз айларында Жапонияда аптап ыстық болады. Бұл спортшыларға қолайсыздық тудыруы мүмкін деген ұйғарыммен күзге ысырылды. Ал қыркүйек айында мұнда тайфунның маусымы басталады. Сол себепті ұйымдастырушылар Олимпиада ойындарын 10-24 қазан аралығында өткізуді жөн көрді. Жапония қысқы Олимпиаданы 1972 жылы араға 32 жыл салып, Саппоро қаласында өткізді.

БАҒДАРЛАМАДАҒЫ ЖАНА СПОРТТА ДА БАҚ СЫНАЙМЫЗ

Қазақстан тұңғыш рет Олимпиада бағдарламасына жаңадан енген спорт түрлері, атап айтқанда спорттық күзға өрмелеу және қаратөбесі бойынша қатысады. Жай қатысып қана қоймай, Дархан Асадилов, Нұрқанат Әжіканов, Данияр Юлдашев, әйелдерден Мөлдір Жанбырбай мен Софья Берульцева секілді әлемде көшбасшы қатарында жүрген қаратөбесіге сенім артып отыр. Күзға өрмелеуден Ришат Хайбуллин де осал емес. Бағы мен бабы қатар шапса, алар асуы жоғары болары сөзсіз.

Токиода жеңіл атлет Ольга Рыпачева олимпиадалық құрамның көшбасшысы болатыны сөзсіз. Бұл дода – Олығының спорт мансабындағы төртінші Олимпиада. Бүгінде Олығының қоржынында Олимпиада медальдарының толық жиынтығы бар. Су добынан ерлер құрамасы командалық ойын түрлерінен жарысқа қатысатын қазақстандық жалғыз құрама болып отыр. Олар ойынға сегіз жылдан кейінгі үзілістен соң оралды.

Қамшыбек Қоңқабаев бастаған бокстан ерлер командасы толық құраммен, сегіз салмақ бойынша қатысады. Бұлардың қатарына қыздар арасында жалғыз жолдамаға ие болған Надежда Рябенті қосыңыз. Сонымен, ел қоржынындағы тоғыз жолдама боксшылардың еншісінде.

Гимнаст Милад Карими жалғыз өзі жеті жолдама алып, іріктеу кезеңін сәтті аяқтады. Кезінде жерлесіміз Ернар Ерімбетов жалғыз дүбірлі додаға қатысып, тәуір нәтижеге қол жеткізгенін көрдік. Милада Ернар ағасынан асып түсіп, Олимпиаданың биік тілек білдіреміз. Сондай-ақ жүзуден біз үш жолдаманы иелендік. Оның екеуі Олимпиада чемпионы Дмитрий Баландинге тиесілі. Отандасымыз Руслан Құрбанов Халықаралық семсерлесу федерациясының жеке рейтингі бойынша құрлықтық квотаны жеңіп алған алты спортшының қатарына енді.

2004 жылы өткен Афина Олимпиадасынан кейін араға 17 жыл салып, Қазақстанның үш велоспортшы топтық жарыста бақ сынады. Мұндай нәтижеге қол жеткізуге команда көшбасшысы Алексей Луценконың қосқан үлесі зор екенін айта кеткен жөн. Ол Қазақстанға жалпы алғанда Азия құрлығының бірде-бір мемлекеті еншілемеген ұпайды әкелді. Сондай-ақ тректегі велоспорт (спринт, омниум және кейрин) бойынша жерлестеріміз үш лицензия жеңіп алды. Айта кетерлігі, спорттың

бұл түрі бойынша жолдама Қазақстан үшін тарихи болып есептеледі. Себебі осы уақытқа дейін қазақстандық спортшылар аталған велоспорт түрі бойынша Олимпиада ойындарына қатыспаған.

Садақ атудан 20 жылдан кейін алғаш рет Қазақстаннан үш садақшысы Олимпиада командалық жарыста бақ сынады. Бүгінде 11 жолдама балуандарға тиесілі болса, жеңіл атлеттер де осы шамада лицензия жеңіп алды. Теннисшілер жеті, ал байдарка мен каноэде есуден алты жолдама қоржында. Рейтингілік жарыстар нәтижесі бойынша дзюдошылар алты жолдаманы иеленді. Токио төрінде белдесетін татами шеберлерінің арасында тәжірибелі, Рио Олимпиадасының күміс жүлдегері Елдос Сметов те бар. Үстел теннисінен Қазақстан құрамасының еншісінде қос жолдама, сондай-ақ таэквондо мен слаломды есу бойынша спортшылар екі лицензия алды.

Алғашқы рейспен Токиоға қаратөбесі, садақ атушылар, үстел теннисі мен семсерлесу командасы, ауыр атлеттер мен боксшылар, жүзу спортшыны, су добы спортшының өкілдері, жеңіл атлеттер, велоспортшылар, стенд ату мен нысана көздеуден құрама командалар, сондай-ақ дзюдошылар келді. Қалған 43 спортшы 28 шілдеге жоспарланған екінші рейспен Жапонияға жолға шығады. Олардың қатарында балуандар, көркем гимнастика, әртістік жүзу, бейсбол және жеңіл атлеттердің бір бөлігі бар.

Олимпиадаға келген спортшылармыздың бабы нашар дей алмаймыз. Енді Алаш баласының бабына бағы қатар шапса, жоғары нәтижеге қол жеткіземіз деген сенім мол. Ал біз өз кезегінде елге ақжолтай сүйінші хабарды таратуға асықпыз.

Ерке ЕРҚОҢЫР,
арнайы Айау газеті үшін

Токиода ең көп табыс табатын ойыншы анықталды

Токиодағы Олимпиада ойындарында ең көп табыс табатын спортшылардың есімдері белгілі болды. Бұл тізімді Forbes жариялады.



ниші Наоми Оса жайғасқан. Ал үздік үштікті АКШ құрамасының тағы бір баскетболшысы Дамин Лиллард түйіндеді. Оның табысы – 40,5 миллион доллар.

Сонымен қатар тізімге сербиялық теннисші Новак Джокович (34,5 миллион), гольф спортының жарық жұлдызы британдық Рори Макилрой (32 миллион), америкалық баскетболшы Девин Букер пен Кэй Нисикрой (екеуі де 30,5 миллион) және баскетболшылар Крис Миддлтон (27 миллион) және Джру Холидей (23 миллион) енген.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Морозов екі айқасы үшін 37 500 доллар алды

Қазақстандық спортшы Сергей Морозовтың (17-5) UFC-дегі екі айқасы үшін қанша гононар алғаны белгілі болды.



Морозов промоушндағы дебютын қантарда өткізді. Ол кезде екінші раундта сабмишмен ресейлік Умар Нурмагомедовтен (13-0) жеңіліп қалған. Бұл жеке-жегі үшін Морозов 13 500 доллар алды (октагонға шыққаны үшін 10 000 доллар, 3 500 доллар ынталандыру бонусы ретінде).

алғашқы жеңісі оған көбірек ақша әкелді – 24 000 доллар (алаңға шыққаны үшін 20 000 доллар, 4 000 доллар ынталандыру бонусы ретінде).

Күні кеше Морозов екінші рет жеке-жеке шықты. Бұл жолы ол төрешілердің шешімімен неміс Халида Таханы (13-4-1) жеңді. Боксшының UFC-дегі

Осылайша, UFC-дегі екі айқасы үшін Сергей Морозов 37 500 доллар көлемінде табысқа кенелді.

А.ЖАСАН

Барыс тағы да фототүзаққа ілікті

Барыс «Алтын-Емел» ұлттық паркінде екінші рет фототүзаққа ілікті. Бұл туралы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі хабарлады.

Бұған дейін «Көлсай көлдері» ұлттық паркінде фототүзақ барысты тіркеген болатын. Енді тағы бір жақсы жаңалық Қызыл кітапқа енген ерекше жыртқыш фототүзаққа тағы бір рет ілікті. Бұл жолы тұтас бір отбасы – таутан және оның екі алаңы байқалды.

Мұның алдында фототүзаққа түскен барыс аталық еді. Қазір парк аумағында БҰҰ Даму бағдарламасының барысты сақтау жөніндегі жобасы іске асырылып жатыр.



Оның шеңберінде мамандар ұлттық парк аумағына бірнеше фототүзақ орнатты.

Ғалымдардың айтуынша, барыстың бұл аумақта пайда болуына 2017

жылдан бастап осы парктен олардың негізгі қорегі – Сібір тау ешкісіне әуесқойлық және трофейлік аншылыққа шектеу қойылғаны себеп. Ұлттық парктен барыстан өзге де

Қызыл кітапқа енген жануарларды сақтау үшін мамандар ұлттық парктін күзет аймағына, сондай-ақ Жоғарғы Көксу қауалы мен Орықты, Түлкілі, Қояндытау, Токсанбай, Атыжөк, Дулантау, Ортағатау тауларына тездетіп экологиялық дәліз құруды ұсынады. Бұл «Алтын-Емел» тау сілеміндегі барыс популяциясының кедергісіз көшуіне және сақталуына ғана емес, сондай-ақ ұлттық парктен арқар, Түркістан сілеусіні, сабаншы, Тянь-Шань қоныр аюы, тас сусары сияқты сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарлардың көбеюіне ықпал ететін болады.

Әбілмансұр ЖАСАН

NJM AIQYN
NUR MEDIA

Меншік иесі –
«Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор –
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

- Амангелді ҚҰРМЕТ** – Бас редактордың бірінші орынбасары
- Гүлзина БЕКТАС** – шығарушы редактор
- Асқар БЕК** – веб-сайт редакторы
- Елдар ҚАБА** – секретариат меңгерушісі

- АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**
- Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ** – Ақмола облысы
 - Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ** – Атырау облысы
 - Саятхан САТЫЛҒАН** – Жамбыл облысы
 - Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ** – Қарағанды облысы
 - Нұрсұлтан ҚАЗБЕКОВ** – Қызылорда облысы
 - Назғұл НАЗАРБЕК** – Шымкент қаласы
 - Роза ШӨКЕН** – Солтүстік Қазақстан облысы

- «АЙҚЫН» ГАЗЕТИНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**
- Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
 - Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
 - Жеке жазылушылар үшін – 65102
- ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpaeva@litter.kz
reklama@litter.kz
- ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@litter.kz
bekkozhaeva@litter.kz

Газет **«Айқынның»** компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3963
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қадырқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114